

ӘОЖ: 811.512.122

Қолжазба құқығында

СЕЙТБЕКОВА АЙНҰР АТАШБЕКҚЫЗЫ

**ӘБІЛҒАЗЫ БАҒАДҰР ХАННЫҢ «ТҮРКІ
ШЕЖІРЕСІНДЕГІ» АРАБ ЖӘНЕ ПАРСЫ СӨЗДЕРІНІҢ
ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

10.02.02. – қазақ тілі

Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның
авторефераты

*Ақпарат
ізі шеттен
Ақыл*

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2007

Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында орындалды.

Ғылыми жетекші: филология ғылымдарының докторы,
профессор **Б.Әбілқасымов**

Ресми оппоненттер: филология ғылымдарының докторы,
профессор **Г. Қосымова**
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент **Б.Жұбатова**

Жетекші ұйым: **Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті**

Диссертация 2007 жылы «19» қазанда сағат 14-де ҚР БЖҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы 10.02.02 – қазақ тілі және 10.02.06. – түркі тілдері мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайтын Д.53.38.01. диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады (050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29).

Диссертациямен ҚР Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасында танысуға болады (050010, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 28).

Автореферат 2007 жылы «19» қыркүйекте таратылды.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы, филология ғылымдарының докторы,
профессор

Манкеев Ж.А.Манкеева

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тілдік жүйенің қазіргі қалыптасу заңдылықтары мен оның даму тарихын зерттеуге қатысты қандай мұраның болсын, шығу тарихын, табылу, зерттелу жайын жете меңгеріп, ол туралы ой-пікірлер, тұжырымдарды зерделеудің мәні ерекше екені белгілі. Осыған орай қазақ әдеби тілінің XVI–XVII ғасырлардағы жай-күйін таньпатын жазба нұсқалар ретінде Захриддин Бабырдың «Бабыр-наме», Қадырғали Жалаиридың «Жамиғ-ат тауарих» атты тарихи шығармалары қатарында аталатын Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасын тілдік тұрғыдан қарастырудың маңызы зор.

Орыс зерттеушілері А.Н.Кононов, А.М.Щербак, С.И.Иванов Әбілғазының бұл шығармасын өзбек әдеби тілінің ескерткіші ретінде қарастырған. Аталған ғалымдар Әбілғазы мұрасының тілі қарапайым, түсінуге жеңіл, араб және парсы сөздерін шектеп қолданған деген тұжырымдар жасағанмен, «Шежіреде»* кездесетін араб және парсы сөздерін дәйектемелер мен мысалдар арқылы талдап көрсетпейді.

Әбілғазы шығармасының тіл ғылымы үшін, оның ішінде түркітану ғылымы үшін маңызы зор екендігін Г.С.Саблуков өзінің аудармасының кіріспесінде былайша көрсетеді: «Исправно изданный Родословной был бы при скудости литературы на восточно-джагатайском наречии, драгоценным даром для филологов тюркского языка, который в этом наречии чище, нежели в западных, как в лексикологическом, так и грамматическом отношении» [1, 16–6].

XVI–XVII ғасырдағы жазба нұсқалар, негізінен, шағатай тілінде жазылатындығы белгілі. Ал «Шежіренің» тілі жайында проф. Б.Әбілкасымов былай дейді: «XVII ғасырда жазылған Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасы, оның тұсындағы шағатай тілінен өзгешелеу тілде, өз сөзімен айтсақ, түркі халықтарына ортақ, нағыз түркі тілінде жазылғанын көреміз. Шежіре тіліне жасалған талдауларымыз бойынша, оны қыпшақ тобына жататын тілдерге, оның ішінде қазақ тіліне жақындауға мол мүмкіндік береді» [2, 25–6.]

Белгілі бір ескерткіштің түркі халықтарының қайсысына жақын-алыстығын дәлелдеу үшін ондағы оғыз, қыпшақ, қарлұқ элементтерінің қолданысын салыстыра қараумен қатар, араб және парсы сөздеріне де ғылыми талдау жасау арқылы нақтылай түсуге болады. Сондықтан араб және парсы сөздері ортағасыр шығармаларының белгілі бір пайызын құрайтындықтан біз «Шежіре» авторының араб және парсы элементтерін қандай мақсатпен, қаншалықты дәрежеде қолданғанына баса назар аударамыз.

VIII ғ. бергі кезеңдердегі тарихи ескерткіштердің барлығында араб және парсы сөздерінің кездесетіні заңды құбылыс. Бұның себебі орта ғасырда ислам дінінің орнығуына байланысты араб элементтері түркі тілдеріне көптеп ене бастады және шығыс мәдениетінің өрлеу кезінде (XIV–XV ғғ.) ғылыми және әдеби шығармаларды араб және парсы тілінде жазу дәстүрге айналған еді. Міне, осындай жағдайлар түркі ғалымдарының өз шығармаларына арабша және парсыша ұғымдарды пайдалануына өз ықпалын тигізбей қоймады.

*Әбілғазы баһадүр ханның «Шажара и түрк» аталатын бұл шығармасын біз бұдан былай түркі грамматикасының заңдылығына орай «Түркі шежіресі» немесе «Шежіре» деп бердік.

«Шежіре» тіліндегі араб және парсы сөздерінің арасалмағын айқындау, бізге түсініксіз араб және парсы элементтерінің лексика-семантикалық топтарын, құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу, олардың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын анықтау арқылы Әбілғазының араб және парсы сөздерін қолданудағы төл ерекшелігін көрсете аламыз. Бұл мәселелердің қарастырылуы – жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты мен міндеті. “Түркі шежіресіндегі” араб және парсы сөздерінің қолдану ерекшеліктерін анықтау, оған тілдік тұрғыдан сипаттама беру. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттердің шешімін табуы көзделді:

- XIV-XVII орта ғасырлардағы түркі әдеби тілінде жазылған шығармалармен «Шежіренің» тілін салыстырып, айырмашылығын көрсету;

- “Шежіреде” қолданылған араб және парсы сөздерін анықтап, тақырыптық топтарға жіктеу;

- қазіргі оқушыға түсініксіз араб және парсы сөздерінің лексика-семантикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беру;

- араб және парсы сөздерінің өзара және түркі сөздерімен бірігу, қосарлану, тіркесу жолдарына талдау жасау;

- шығарма лексикасындағы араб және парсы сөздерінің үлес салмағын көрсету.

Зерттеудің дереккөзі. П.И.Демезонның 1871 жылғы басылған сыни нұсқасы мен 1825 жылғы Қазан нұсқасы.

Зерттеудің нысаны. “Түркі шежіресіндегі” араб және парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі.

Зерттеудің пәні. “Түркі шежіресіндегі” араб және парсы сөздерінің лексикалық құрамы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен нәтижесі. Шығарманың араб және парсы тілдік қабатына ғылыми тұрғыда сипаттама беріліп, араб және парсы тілдерінің сол кезеңдегі жазба әдеби тілдің лексикалық қорына тигізген әсері анықталды. Нақты айтқанда:

- араб және парсы сөздері жеке-жеке қолданыс салалары бойынша тақырыптық топтарға бөлініп талданды;

- қазіргі оқушыға түсініксіз араб және парсы сөздерінің қолданылу себебі түсіндіріліп, олардың семантикалық құрылымы ашылды;

- араб және парсы сөздерінің қолданысына статистикалық зерттеу жүргізіліп, олардың шығарма тіліндегі үлес-салмағы анықталды;

- текстологиялық жұмыстар негізінде екі баспа нұсқада қате жазылған сөздердің дұрыс нұсқасы қолжазба мәтіндері арқылы қалпына келтірілді.

- Әбілғазы қолданған араб және парсы сөздерінің төл ерекшелігі анықталды.

Зерттеу әдістері. Сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, статистикалық талдау әдістері, топтау, жинақтау, жіктеу тәсілдері қолданылды.

Теориялық және практикалық маңызы. Зерттеу нәтижелері негізінде араб және парсы сөздерінің нақты шығармашылық негізде қолданыстық мәнінің ашылуы қазақ әдеби тілі тарихы, тарихи лексикология салаларына

өзіндік үлесін қоса алады. Осы жазба ескерткіштің тілі мен қазіргі қазақ тілінің арақатынасын анықтаудың тіл тарихын зерттеушілер үшін теориялық та, практикалық та мәні бар. Жоғары оқу орындарында «Қазақ әдеби тілінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Орта ғасыр ескерткіштері тілі» курстарынан дәріс беруде, ескерткіштің тілдік деректері мен анықтамаларын арабша-қазақша, парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктер жасауда қолданылуға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- Зерттеу нәтижесінде Әбілғазының араб және парсы тілдерінен, шағатай түркісінен сөз қоспадым деген ескертпесінің мәнін түсінуге болады.

- XVI-XVII ғасырлардағы шағатай тілінде жазылған өзге жазба ескерткіштерге карағанда, автордың шығармада араб, парсы сөздерін қолдануында біршама өзгешелік бар, яғни қазіргі қазақ тіліне жақын деуге болады. Бірақ бұл тұжырым әлі зерттеуді керек етеді.

- Соғыс қимылдарына, ислам дініне қатысты араб сөздері, ал тұрмыстық зат атауларына, адамның психологиялық көңіл-күйіне байланысты парсы сөздерінің қолданылуы Әбілғазы заманындағы ауызекі сөйлеу тілінің жазба әдеби тілге айтарлықтай әсер еткенін көрсетеді.

- Кейбір араб және парсы сөздерінен құралған тұрақты тіркестер ретінде қабылданып, күні бүгінге дейін мағына тұтастығын жоғалтпаған.

- Ескерткіште арабша-парсыша, арабша-арабша, парсыша-парсыша, түркіше-арабша, түркіше-парсыша сияқты қос сөздердің қатар түзуі ерекше байқалады.

- Автор араб және парсы сөздерін қаншалықты мол қолданса да, түркі тілінің синтаксистік құрылысын жүйелі түрде сақтаған.

Жұмыстың талқылануы мен жариялануы. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары бойынша «Қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері» атты ғылыми-практикалық (Алматы, 2005), «Академик Ш.Сарыбаев және қазақ тіл білімі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық (Алматы, 2005), академик Ө.Айтбаевтың 70 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты халықаралық ғылыми-теориялық (Алматы, 2007), проф. М.Томановтың туғанына 75 жыл толуына арналған «Тіл тарихы: кемелдену және кешенділік» атты республикалық ғылыми-теориялық (Алматы, 2007) конференцияларда баяндамалар жасалды.

Зерттеу жұмысы бойынша халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарында және ғылыми басылымдар мен жинақтарда 9 мақала жарияланды.

Диссертация Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының қазақ тіл білімі кафедрасында, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты диалектология және қазақ тілі тарихы бөлімінің кеңейтілген мәжілісінде талқыланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, нысаны, мақсаты мен міндеттері, теориялық және практикалық маңызы, ізденістердің ғылыми жаңалығы, зерттеудің әдіс-тәсілдері мен ұсынылған тұжырымдары айқындалып, жұмыстың талқылануы мен жариялануына қысқаша деректер берілді.

Диссертацияның бірінші тарауы «Түркі шежіресінің» қазақ тіл білімі тарихында алатын орны» деп аталады. 1.1 «Түркі шежіресінің» зерттелу тарихы. XVII ғасырда жазылған құнды жазбаша ескерткіш Әбілғазы баһадұр ханның «Түркі шежіресі» зерттеуші ғалымдардың (А.Н.Кононов, Б.Әбілқасымов, Т.Қордабаев) мәліметтеріне қарағанда, еңбектің біздің дәуірімізге келіп жетуіне, зерттелуіне, танылуына, аударылуына ықпал еткендер – Сібірге жер аударылған швед офицерлері, солардың бірі Филипп Иоганн Табберт Страленберг. Ол қолжазбаны Тобыл қаласынан тауып, орыс тіліне аударта, швед Шенстром неміс тіліне аударады. Бұл аударма арада көп уақыт өткеннен кейін 1780 жылы ғана кітап болып басылып шығады. Ал одан бұрынырақ қолжазба неміс тілінен француз тіліне аударылып, 1726 жылы Лейденде жарық көреді. «Шежіренің» баспа нұсқасын орыс тіліне аудару бірнеше рет қолға алынса да, олар сәтсіз шығады [3].

«Шежірені» түпнұсқадан орыс тіліне алғаш аударған – Г.С.Саблуков. Бұл аударманы ол Қазан басылымы бойынша және Петербургтегі Ғылым академиясының мұражайында сақталған қолжазбалармен салыстыру негізінде жасайды. 1906 жылы Қазанда Г.С.Саблуков аудармасы кітап болып басылып шығады.

Белгілі ориенталист ғалым И.Березин «Шежіренің» Г.С.Саблуков жасаған аудармасын жеке кітап етіп, «Книга родословия тюркского» деген атпен өзінің «Шығыс тарихшыларының кітапханасының» 3-томына кіргізеді [1].

Бұдан кейін Әбілғазы еңбегін зерттеу қолға алынып, ол XIX ғасырда көп ғалымдардың назарына ілігеді. А.Н.Кононов «История изучения тюркских языков в России» атты еңбегінде осы аталған шежіренің зерттелу тарихына көбірек тоқталады [3].

«Түркі шежіресінің» грамматикалық құрылысын сипаттауға арналған еңбектердің бірі – проф. С.Н.Ивановтың «Родословное древо тюрк Абул-гази-хана» деп аталатын монографиясы. Ол «Түркі шежіресін» ескі өзбек тілі ескерткіші ретінде қарап, өз зерттеулері арқылы өзбек тілінің тарихи грамматикасын жасауға үлес қосатынын айтады [4,5-6].

Әбілғазының «Түркі шежіресін» өз зерттеулерінің нысаны етіп кейінгі жылдары ғана алған қазақ ғалымдарының бірі Б.Әбілқасымов «Түркі шежіресі» кітабының зерттелу тарихына шолу жасап, ондағы тұрақты сөз тіркестерін тілдік тұрғыдан талдайды [5,48-62-66.]. Сол сияқты Т.Қордабаевтың «Тарихи синтаксис мәселелері» атты монографиясында «Шежіренің» синтаксистік құрылысы сөз болады [6].

Проф. Б.Әбілқасымов Әбілғазының аталған шығармасын 1992 жылы «Түркі шежіресі» деген атпен қазақ тіліне аударады [7]. «Түркі шежіресінің» қазақ тарихы мен әдебиетіне қатысты көптеген мақалалар жариялады. 2001 жылы «Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі» атты кітабы басылып

шықты. Ғалым «Шежіренің» фонетикалық-орфографиялық ерекшеліктеріне, лексика-фразеологиялық сипатына, грамматикалық құрылысына жан-жақты талдау жасайды. «Шежіренің» тілін зерттей келе, оның қазақ тіліне, сондай-ақ, тарихи грамматика мен тарихи лексикологияға көп деректер бере алатындығын дәлелдейді [2,4-б.].

1.2 «Түркі шежіресінің» текстологиясы (Қазан және Демезон нұсқалары бойынша талдау)

Ерте замандағы жазба ескерткіштер ғасырдан ғасырға көшіріліп жеткізілгендіктен, көне дәуірлерден келіп жеткен құнды мұраларымыздың көпшілігі бірнеше нұсқада сақталғаны мәлім. Әбілғазының «Түркі шежіресінің» бізге белгілі екі нұсқасы бар. Қолжазбаның бір көшірмесі Мәскеудегі Ресей Сыртқы істер министрлігінің архивінде сақталып, 1825 жылғы Қазан басылымына негіз болған. Қолжазбаның екінші көшірмесі – кезінде В.И.Даль Орынбордан тауып алып, Академияның Азия мұражайына сыйлаған Петербург нұсқасы [2,4-б.].

Г.С.Саблуков өз кітабының кіріспесінде Қазан басылымындағы парсы сөздері Петербург қолжазбасында түркі өлеңдерімен ауыстырылғанын айта келіп, «кім де кім менің аудармамды баспа мәтінмен аударуды қайталаса, көптеген келіспеушіліктер мен жаңылулар табады» [1,16-б.], – дейді.

Расында да, Қазан баспа нұсқасын қолжазбамен салыстырсақ, біршама айырмашылықтар мен едәуір қателер байқалады. Мысалы, 18-бетте Оғыз ханның балалары мен немерелерінің аттары қалдырылып кеткен. Көшірушілер оны жай белгілермен белгілеп қойған. Мәселен, Қазан басылымында «*Оғыз ханның ұлданлары уа нәбирелерінің зікірі*» туралы айтылғанда, Ай ханның ұлдарының аттарын *Ұиад* (*Ұиар* деп жақша ішінде берілген), *Қанық* деп келіп, Жұлдыз ханның ұлдарының аттарына Тау ханның ұлдарының аттары жазылады. Ал Көк ханның ұлдарының аттары мүлдем аталмайды (18-б.).

Сондай-ақ, мұндай кемшіліктердің бірі – Оғыз ханға байланысты өлең жолдарында сөйлем құрылыстары екі баспа нұсқада (Демезон және Қазан) бірдей емес.

Жалпы ескі жазба мұраларымыздың тілін қарастыру барысында баспа нұсқалар арасындағы текстологиялық айырмашылықтар лексикалық, графикалық, морфологиялық, синтаксистік аспектілер бойынша анықталады.

Лексикалық айырмашылықтары бойынша түркі сөздерінің түркі сөздерімен, кірме (араб, парсы) сөздерінің түркі сөздермен өзгертілген тұстары бар:

К: *Ләшкәрінің қолына ау чақлы олук мал түшіді кім йүклемекке түлук арлық қылды* (18).

П: *Ләшкәрінің қолына ол чақлы олук мал түшіді кім йүклемекке ат азлық қылды* (12,10).

Түсініктеме: *Оғыз хан әскерінің қолына көп олжа түсті, артуға ат көлігі аздық қылды.* Көшірмешілер өз дәуіріне дейінгі мағынасы көнерген сөздерді жаңа сөздермен өзгертіп отыруы мүмкін. Мұнда көріп отырғанымыздай, *түлук* сөзі *ат* сөзімен ауыстырылған. *Азлық* сөзінің *арлық* деп берілуі диакретикалық белгілердің өшіп не көрінбей қалуынан болса керек.

К: *Көб йыллар падишаһлық қылыб офат табды* (8,15).

П: *Көб йыллар падишаһлық қылыб өлді* (11,13).

Графикалық ерекшеліктері. Сөз еткен кезеңдегі жазба дәстүр араб графикасымен жазылғандықтан, кейбір танбалардың екі не үш түрлі танбалауы бар. Себебі араб графикасында т әріптерінің 2 түрі, с әріпінің 3 түрі бар. Сондықтан әр нұсқада көшірмешілер кейбір әріптерді әр басқа таңбалаған.

- *Оғуз елінің барчасыны мұсылманлыққа дауат қылды* (17) деген сөйлемде *дауат* (*шақыру*) әр басқа берілген.

К: *د عوة* дауат (11,26)

П: *دعوت* дауат (17).

- *Ұғланлары мен нәукерлері бірлән күш тақұқны ат бірлән чабдылар.*

К: *اط* ат (18,5)

П: *ات* ат (25)

Морфологиялық ерекшеліктерінде Қазан нұсқасында -нің, -ның, -ға, -ні септік жалғауларының Петербург нұсқасында толықтырылып түзетілгені байқалады.

К: *Беш алты мағұл қары сөзін* (23)

П: *Беш алты мағұлның қары сөзіні* (35,20).

К: *тәңрі әмірі бірлән* (15).

П: *тәңрінің әмірі бірлән* (22, 13).

Шығарманың синтаксистік ерекшеліктері ретінде сөйлем жүйесіне қиыспай, қабыспай тұрған сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Бұрын түсіп қалған, жаңсақ жазылған сөз тіркестері өз тарапымыздан түзетіліп жазылды.

Қолданылу аясы шектеулі шығыс сөздерін айыра білмей, кей көшірмешілердің қате жазып жібергені, контекстік мағынасы ұқсас сөздерді шатастырып алғаны төмендегі сөйлемдерден байқалады:

П: *Тудаменку хан бесиар зұлым уа бидар қалмақны ағаз қылды* (93,3)

Түсініктеме: Осы сөйлемде *бидар* парсы тілінде ояу болса, онда бұл сөз аталған сөйлемге ешқандай қатысы жоқ. Ал *бидад* (әділсіз) сөйлемге негіз бола алады. Дұрысы: *Тодуменку хан көп зұлым және әділсіз қалмақты қырды*

К: *Анлар көб фасадлар қыла тұрұр ермешлер теб Сүбідай баһадүр бірлән Тұғышарны көб черік бірлән анларының үстіне йіберді* (54,6-б.).

П: *Анлар көб қасадлар қыла тұрұр ермешлер теб Сүбідай баһадүр бірлән Тұғышарны көб черік бірлән анларының үстіне йіберді* (54,6-б.).

Түсініктеме: енді бұл сөйлемде *фасад* емес, *қасад* болса керек, себебі *қасад* араб тілінде – ой дегенді білдірсе, онда бұл сөйлем былай аударылады: *Сүбітай баһадүр мен Тұғышарды көп әскермен оларға қарсы жіберу ойларында болса керек.* Шығарма тілінде мұндай ауытқулар баршылық.

Сондай-ақ, екі басылымды бір-бірімен және 1891 жылғы Қазанда басылып шыққан нұсқамен салыстырғанда, бірқатар жолдардың түсіп қалуы сияқты кемшіліктер де байқалады. Ал майда түзетулер баспа нұсқада диакритикалық белгілермен, сөздермен көрсетілген. Әбілғазының шығармасына арнайы текстологиялық жұмыстар жүргізілмегендіктен, баспа нұсқалардағы кейбір сөздерді дұрыс оқып, аударуға қиындық келтіретін тұстары баршылық.

Осы «Түркі шежіресі» кітабының шығуымен байланысты 1826 жылы «Московский телеграф» журналында жарияланған бір мақалада:

«...Азиялық шежірелер мен аңыздардың құндылығы мен дұрыстығын, қай еңбектерге сүйенгенін анықтау үшін алдымен түпнұсқаларды білу керек. Шығыс зерттеушілері олардың мәтіндерін салыстырып, жөндеп, дұрыс аударылуын ұсыну керек» [8, 10-б.], – дейді. Сондықтан бірнеше нұсқада жеткен орта ғасыр жәдігерліктеріне ең алдымен текстологиялық жұмыстар жүргізген абзал. Осымен байланысты олардың мұқият зерттелуі – ең жауапты мәселе.

1.3 «Түркі шежіресінің» өзге орта ғасыр шығармаларынан айырмашылығы

Әбілғазының өз шығармасының тіліне байланысты «... бұл тарихны йахшыы уа йаман барчалары билсун теб түркі тілі бірлән айтдүм һәм андағ айтыбмын кім беи йасар ұлан түшүнүр уа бір калыма чағатай түркісінден ғарабдын уа парсыдын қошмаймын» деген ескертпесі бар (36-б.).

Ал көптеген зерттеуші ғалымдар бұл шығарманың түсінуге жеңіл түркі тілінде жазылғанын өз еңбектерінде дәлелдеп берді. Бірақ автор “араб, парсыдан, шағатай түркісінен бір сөз қоспадым” десе де, оның өзі өмір сүрген уақытындағы түркі халықтары қолданған жазба әдеби тілде қолданылуы дәстүрге айналған араб, парсы, шағатай элементтерін пайдаланбауы мүмкін емес еді.

Әбілғазының араб, парсы сөздерін қолдануының өзіндік бірнеше себептері бар: 1) Арабтардың жаулап алуы мен ислам дінінің таралуына байланысты бұл тілдердің мәні басымырақ болды; 2) Араб тілінен түркі тіліне сөз ауысу үрдісі әсіресе түркі тілдерінің даму тарихына айтарлықтай үлес қосты; 3) Орта Азия және Таяу Шығыс халықтарының әдеби тілі тарихында классикалық араб тілі едәуір рөл атқарған.

Орта ғасырларда шығармаларды араб тілінде жазу дәстүрге айналды. Ал дәстүр жалғастығына сәйкес жазба тілге тән араб және парсы сөздерін қолдану мұсылманша сауаттылар үшін жат емес еді. Түркі халықтары көп жылдар бойы тәжік және парсы халықтарымен көршілес отырып, тікелей қарым-қатынас жасауы арқылы, сондай-ақ жазба әдебиет үлгілері мен мәдени байланыстары арқылы түркі тіліне парсы тілінен бірқатар сөздер енді. Тарихи деректер Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі тайпаларының тіліне араб сөздерінен гөрі парсы сөздері әлдеқайда ертерек ене бастағанын көрсетеді [9, 31-б.].

Әбілғазы да жастайынан халық ауыз әдебиетін, парсы тіліндегі тарихи шығармаларды сүйіп тындап, зерттеген. Араб және парсы тілдерін жетік білген. Бұған себеп кітабының кіріспесінде «Құдай бұйыртып, ажалдың үндеушісі келіп қалмаса, бұл кітапты парсы тілінде жазу ойымда бар» (37), – дейді. Сонымен қатар Әбілғазы «Түркі шежіресі» шығармасын жазу барысында Рашид-ад-Диннің «Жамиғ-ат тауарих» шежіресіне және басқа да Шыңғыс хан ұрпақтарының тарихы жазылған кітаптарға сүйенгенін айтады. Ал «Жамиғ-ат тауарих» шежіресі парсы тілінде жазылған, одан аударылған жерлерде ираншылдардың жиірек қолданылуы заңды. Ендеше, Әбілғазы «Шежіресінің» лексикасында қолданылған араб және парсы сөздерінің бір себебін осыдан іздеу қажет сияқты.

Жалпы Әбілғазы шығармасындағы араб, парсы сөздеріне қатысты әртүрлі пікірлер қалыптасқан.

Г.С.Саблукөвтың айтуы бойынша, «Әбілғазының «Түркі шежіресінің» тілі Хиуа тұрғындарының тілінде жазылған. Ол тіл араб және парсы сөздері мен

сөз оралымдарын қабылдағанмен, басқа тілдерге қарғанда түркі тілінің тазалығын сақтаған қырғыз, башқұрт және Оренбург татарларының тілдеріне жақын жазылған» [1, 9-б.].

Бұл пікірді А.Н.Кононов, С.Н.Иванов, Т.Р.Қордабаев сияқты ғалымдар да қолдайды.

Проф. А.М.Щербак Әбілғазының жоғарыдағы ескертесін “кейбір авторлардың шағатай тілінің жасандылығын дәлелдеу үшін айтқан, әйтпесе оның грамматикалық құрылысында парсы тілінің әсері байқалады” деп түсіндіреді [10, 14-б.].

Аталған ғалымдардың бәрі де Әбілғазының «Түркі шежіресін» өзбек әдеби тілінің тарихын зерттеуге қажетті тілдік нұсқа ретінде қарастырады.

Б.Әбілқасымов: «Шығарма авторы өз еңбегінің тілі туралы белгілі бір мақсат көздеп, жазу үстінде нақтылы ұстанымды басшылыққа алғанын ескертсе де, оның лексикасында өз кезеңінің де, оның өз ортасының да сөз байлығын пайдаланғаны белгілі. Сондай-ақ онда көне түркілік, ортағасырлық жазба нұсқалар әсері, монғол, араб, парсы тілдерінен енген сөздер молынан кездеседі, сондықтан бұларды жеке-жеке қарастыру қажеттігі туындайды» [2, 60-б.], – дейді.

Әбілғазының ескертесіндегі **шағатай түркісі** деген ұғымға өз пікірімізді білдіре кетейік.

Орта ғасыр Науаи заманындағы ақындар туындыларында шағатай тілінің дәстүріне сәйкес парсы өлең құрылыстары мен араб тіліне тән синтаксистік құрылымдар мол қолданылса, ал кейінгі тарихи шығармаларда араб және парсы тілдерін қолдануындағы тілдік ерекшеліктер араб және парсы сөздері етістікті сөз тіркестері деңгейінде басым болған. Әрі қазіргі тілмен сай келетін араб және парсы сөздерімен жасалған тұрақты сөз тіркестерді, эпитеттерді көп пайдаланған. Мәселен, Р.Сыдықова «Жамиғ-ат тауарихта» да есімді, етістікті тұрақты тіркестердің дені қазақ тілінде бар тіркес үлгілерімен бірдей екенін көрсетеді [11].

Әсіресе бұл тілдік ерекшеліктер өз шығармасын халық тіліне жақындатуға әрекет еткен Әбілғазының «Түркі шежіресінде» ерекше байқалады.

Ендеше, Әбілғазының **шағатай түркісі** деп, өз заманындағы алдыңғы ақын-жазушылар шығармаларының тіліндегі күрделі араб және парсы тілдерінің сөз тіркестіру амалдарын, синтаксистік оралымдарды, өзге тілдік құрылымдардың көптеп қолданылуын, кей жағдайда оқыған сауатты адам болмаса, түсініксіз араб және парсы сөздерімен ауырланған тілді айтып отырғаны деп түсінген жөн сияқты. Міне, осы ерекшеліктерді аңғарып, өз шығармасын жазу үстінде ол дәстүрден шамасы келгенше аулақ болуға тырысқан. Барша түркі халықтарына ортақ түркі тілінде жазуды мақсат еткен.

Егер де автордың айтып отырған **шағатай түркісі** дегені жоғарыдағы айтылған өзге тілдік күрделі синтаксистік құрылымдар болса, онда “араб, парсы тілдерінің сөйлем құрылысын пайдаланбадым” дегені деп топшылауға негіз бар. Өйткені шығарманың сөйлем құрылысы, шынында да, өте жатық, қазіргі қазақ тіліне жақын.

Мұны Әбілғазының еңбегінде қолданған барлық сөзге лингвостатистикалық сипаттама жасау арқылы анықтауға болады.

Сандық есептеуді көлемді түрде алып, Әбілғазының сөз қолдану ерекшелігін нақтылы көрсету үшін қайталауды шығарып тастап шығарма тіліндегі барлық сөздерді бір бөлек, ономастикалық атауларды бір бөлек алып отырмыз. Өйткені

ономастикалық атаулар шығарманың бірсыпыра пайызын құрайды. Біздің бұл есептеуіміздің қорытындысы шамамен мынадай болды (қайталауларды есептемегенде):

Ономастикалық атаулар	түркі сөздері	араб сөздері	парсы сөздері
277 5,5 %	3990 79,3 %	397 7,9 %	365 7,3 %

Э.Н.Наджиптің сандық есептеуінде, Құтыбтың «Хұсырау уа Шырын» поэмасында араб және парсы сөздерінің арасалмағы шығарма лексикасында 24-31 пайызды құрайды [12, 138-б.]. Ал татар зерттеушісі З.А.Хисамиеваның есептеуі бойынша, Қадырғали Жалаиридың «Жамиғ-ат тауарихында» түркі сөздері – 58 пайыз, араб сөздері – 28 пайыз, парсы сөздері – 13 пайыз, орыс және моңғол сөздері 1 пайызды құрайды екен [11, 27-б.]. Байқап отырсақ, проза жанрында жазылған осы орта ғасыр ескерткіштерінің ішіндегі аталған екі тарихи шығарманың қазіргі қазақ тіліне ең жақыны екені дау тудырмайды. Дегенмен, тілінің қазақтарға түсініктілігі жағынан біз қарастырып отырған «Түркі шежіресі» Қадырғали Жалаиридың жазған «Жамиғ-ат тауарихынан» да жақын екенін мына сандық есептеулер көрсетіп тұр. Себебі Әбілғазы туындысында араб және парсы сөздері Қадырғали шығармасына қарағанда анағұрлым аз жұмсалған.

«Шежіреде» кездесетін араб-парсы сөздеріне сандық есептеу жүргізу арқылы біз Әбілғазы ханның араб және парсы сөздерінен қолданудағы өзіндік ерекшелігін біле аламыз:

Араб сөздері 397 7,9 %		Парсы сөздері 365 7,3 %	
қазіргі қазақ тілінде қолданылатын араб сөздері 235 4,6 %	Қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын араб сөздері 162 3,2 %	қазіргі қазақ тілінде қолданылатын парсы сөздері 223 4,4 %	қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын парсы сөздері 142 2,8 %

Бұл сандық көрсеткіштен қазіргі қазақ тілінде қолданылатын араб және парсы сөздерінен гөрі қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын араб және парсы сөздерінің мейлінше аз мөлшерде жұмсалғаны байқалады.

Сонымен, автордың «араб, парсы, шағатай тілдерінен бір де сөз қоспадым» деген мәлімдемесін сол тілдерге тән сөйлем құрылысын пайдаланбадым деумен қатар, қазіргі қауымға түсініксіз араб және парсы сөздерін мейлінше аз қолданғанын айтқаны деп түсінеміз.

Әбілғазы «Түркі шежіресін» жазуда көп тілді білуі нақты көрініс табады. Оның өз заманында араб, парсы тілдерін жетік меңгергенін шығармада көп сөздерге этимологиялық талдаулар жүргізіп, мағынасын ашуға тырысқанынан да байқауға болады.

Әбілғазының өзі еңбегінің кіріспесінде өз заманының білімді, жан-жақты даярлығы бар адам екендігін және Құдай тағаланың оған берген қасиеті ретінде әскери өнерден, ақындық өнерден, араб және парсы, моңғол тілдерінен, тарихи маңызды оқиғалардан да хабардар екенін және оларды жатқа білетінін баяндайды.

Бұл шығармадан түркілердегі ру, тайпа аттарының шығу тектеріне байланысты көптеген деректер кездестіруге болады. *Қаңқылы* сөзінің шығу тегін арба жасаған адаммен байланыстырса, ұйғыр елінің атын *үю* сөзінен шығарады. Ұйғыр өз төрелерінің атын *йідіқұт* дейді. Ол *иіді* (ию) және *құт* (арабша *жан* деген мағынада) сөздерінен құралғанын түсіндіреді.

Сондай-ақ араб және парсы сөздеріне де түсінік беріп отырады. Мәселен, автор аталған еңбегінің 5-бетінде *адам «адам араб тілі тұрұр, араблар йерінің қыртшыны адам дер»* деп жазады. Яғни оның себебін Құдай тағала адамды жер бетінен алынған топырақтан жасағаннан деп түсіндіреді. *Идрис* атауының да *дәріс* сөзінен шыққандығын көрсетеді. *Шестің мағынасы ғабат аллах тимек болұр* (Құдайдың құлы) дейді.

Оғыз ханның жиырма төрт немересінің аттарының мағыналарын көбіне араб және парсы сөздерімен түсіндіреді. Кейде түркі сөзінің араб және парсы, моңғол тілінде қалай аталатынына да тоқталады.

- *Ағыб бара тұрған ұлұғ суны түркі тілінде сай дер уа тәжік күчекін руд уа ұлұғын рудхоне дер араб уады дер мағұл мұран дер* (45). *Темірдің даруаза қойдылар андағ диуарыны араб сәдд дер, түркі тілі бірлән торқорқа дерлер Хытай халқы онку дерлер* (47).

Қорыта келгенде, Әбілғазы шығармасы, өзі кіріспесінде айтқандай, тап-таза түркіше неге болмайды десек, қателескен болар едік. Өйткені тілдің жалпы даму заңдылығы бұны көтермейді, шеттен кірген сөздердің кіруі табиғи құбылыс. Әбілғазы араб және парсы, шағатай әдебиетін де, діни оқуын да жетік білген, ислам дінінің шарықтау кезеңінде хатқа түскен бұл ескерткіште араб және парсы сөздері көп деп айтуға болмайды.

Сондай-ақ, Әбілғазы шығармасы көне дәуір тіліндегі сөз мағынасын тануда, жер-су аттарының этимологиясын айқындауда, өткен тарихымызды білуде тигізер пайдасы зор. Демек, Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» қазақ әдеби тілінің тарихынан ерекше орын алады деп білеміз.

2-тарау «Түркі шежіресіндегі» араб және парсы сөздерінің лексика-семантикалық сипаты» деп аталады. Оның «Араб және парсы сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» деп аталатын бірінші тараушасында «Шежіредегі» араб және парсы сөздері лексика-семантикалық ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөліп қарастырылады:

Бірінші топқа мағынасы өзгеріске түспеген сөздерді жатқызуға болады. «Шежіреде» беретін мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы сол күйінде сақталған араб және парсы сөздері – шығарма тілінің негізгі арқауы. Мысалы, *әділ, азап, айла, арзу, бақ, дана, дұшпан, дос, дарбаза* т.б. атауға болады.

«Шежіре» тілінде абстракт ұғымдарды білдіретін сөздер негізінен араб элементтері болып келеді. Ал парсы сөздерінің басым көпшілігі тұрмыстық зат атауларына қатысты жұмсалған. Мұның себебін түркі халықтарының

көп жылдар бойы парсылармен көршілес отырып, тікелей қарым-қатынас жасауымен байланыстырамыз. Мұндай сөздерді Әбілғазы өз шығармасында үнемі қолданып отырады.

Екінші топқа мағынасы кейбір өзгерістерге ұшыраған сөздерді жатқызуға болады. Мәселен, «Шежіреде» *пуст* сөзі кездеседі. Парсы тілінде *пуст* кожа, шура, кора, скорлупа [ПРС, 97-б.] мағынасын берсе, «Шежіреде» *шапан* мәнінде жұмсалған.

- Бір кече йарым ахшам еркек ұлан тұғұрды атасының *пустының* етегінден кесіп алды тағы ұланны чырмаб үйінің кеніде йалқұн ішінде йылатұб қойды (34, 16-17). Атасының *пустының* етегіндін кесіп алды (56).

Кейбір араб және парсы сөздерінің өздерінің әдеби тілінде бірнеше мағыналары болатыны белгілі. Уақыт өте бір тілден екінші тілге ауысқан сөздердің мағыналары тарылады, яғни бір немесе екі мағынада ғана қолднылады.

«Шежіре» тіліндегі *әсер* сөзінің араб тілінде көп мағынасы бар: 1) Із, белгі; 2) Аңыз, көне заманның ескерткіші; 3) ықпал; 4) әсер, эффект; 5) шығарма, еңбек (әдеби, ғылыми) т.б. [ПРС, 7-б.]. Шығармада бұл сөз екі мағынада қолданылған. Бірі *әсер* уа *әләумәт* (із және белгі) және екінші мағынасы *әсер ету*, *ықпал ету* мәнінде жұмсалған.

- Бу сөз ханның көңіліке *әсер* қылыб йасауылға бұйырды (88,27). Анлар тағы Хендустан барыб хабар уа *әсер* білмей қайтыб келділер (98,26).

Қазіргі қазақ тілінде сырттай бір құбылыстан, қимыл-әрекеттен болатын “ықпал” ұғымын ғана білдіреді. Демек, араб тіліндегі бұл көпмағыналы сөздің мағынасы қазақ тіліне ауысқанда мейлінше тарылып, жалғыз ғана түсінікті білдіретін болып қалған.

Парсы тілінің сөздігінде *әуез* сөзінің 1) голос, звук; 2) песня деген мағыналарды береді [ПРС, 46-б.]. Шығармада: 1) дауыс; 2) атақ-даңқ мағынасында қолданылған.

- Ерсе ұлан *әуезі* келді барыб көрді өзінің *постыны* таныды (34, 18). *Ауезісі* мағұл ічине *шұрат* табды (Атақ-даңқы маңғол ішінде белгілі болды) (44,6).

Ендігі бір тұстарында *аты* деген сөзбен қос сөз жасайды.

Мәселен, *Екі йыл отұрған соң аты* уа *әуезісі төрт тарафқа түшді* (Атағы барлық жерге белгілі болды) (48).

Үшінші топқа қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін, қолданылмайтын араб және парсы сөздері жатады.

Б.Сағындықов: «Түркі халықтарында бұрын-соңды болмаған ұғымдар мен зат атаулары ескерткіштерде араб-парсы сөздерімен беріледі. Мұндай сөздердің көпшілігі діни ұғымдар, ел басқару істеріне, экономикаға, ғылым мен мәдениетке, қоғамдық өмірдің басқа да салаларына байланысты терминдер. Әрине, мұндай сөздер аударуға келмейді. Аударған күнде де негізгі мағынасы бұзылып кетер еді» [13,31-б.], – дейді.

Ал Әбілғазы осы кемшіліктерді байқай отырып, түркі халықтарына ортақ жеңіл қарапайым тілмен жазуды мақсат етсе де, өз заманының тілдік ортасынан алыстай алмаған. Шығарма тілінде, әдеттегідей, ортаазиялық, бірақ бізге түсініксіз қазіргі тілімізде қолданылмайтын араб және парсы сөздері ұшырасады. Бірсыпыра түркі тілдерінде бұл сөздердің бірқатары кеңінен қолданылуы да мүмкін.

«Шежіре» тілінде араб тіліне қатысты мынадай сөздер бар: *хәмлә* (жүкті), *зағифа*

(әйел), *бинеһаиат* (шексіз), *инғам* (сыйлық), *мұхтасар* (қысқаша айтқанда), *ғажражи* (көну), *уасел* (есіпкен, білген), *сабахи* (кіналі), *шайе* (таралу) т.б.

- *Ол ұрғи тамам Қарқын уа Харасан уа Мауренахрда шайе болды* (53, 27). *Хатұнұм хамлә ерді тұғырды* (14,15). *Лағазы мұхтасар* болса һәм мәһнәсы *мұхтасар* ермес *ерді* (52,11).

Ал парсы тіліне қатысты мына сөздер жиі ұшырайды: *сетар* (жұлдыз), *сулих* (бейбіт), *сәкин* (тыныштық), *серат* (жол), *ләб* (ерін), *кенар* (жаға) т.б.

- *Ай уа хесабы он екі йұрт уа сетаре шүкүр алқабының хесабын барчасын биле тұрған сондағ еркендүр* (53,15). *Менің бірләң ұрұшитылар мен ғалыб келдім сулих қылдылар* (168). *Шаһар Сарайчыққа качыб барды уа анда сәкин болды* (98). *Бір дарре бар ерді ол дарренің йолы сератының йолының һәм нозу керек ерді* (51,28).

Жалпы шығарма тілінде қазіргі тілімізде қолданылмайтын араб және парсы сөздері казак тіліндегі тақырыптық топтардың барлығын қамтиды. Мәселен, соғыс қимылдарына байланысты: *масхар қылу*, *ғалыб кету*, *есір қылу*, *хежуб қылу*, *хамле қылу*, *банд қылу* т.б. жарыса қолданылатын араб сөздері кең қолданылған. Діни ұғымдарға байланысты: *шариғ ислам*, *каһиме шаһадат*, *фузала уа зуход*, *ғибадат*, *намазқал*, *бәде* т.б. Ал тұрмыстық зат атауларына байланысты: *сандан*, *чөкүч*, *қумаиц*, *сарұнай*, *пост* т.б. сөздер.

«Шежіре» тілінде ел мен ел, хандар мен сұлтандар арасындағы уәде, келісім, жарасу, мадақтау мәніндегі сөздер мен сыйлық жасау, жол-жоралғылар мен ризашылықты білдіретін күрделі сөз тіркестері жұмсалған. Мысалы, *ілтифат уа енаиатлар*, *хазына уа дағфине*, *мал уа нәәмәт*, *хәт уа сауғат*, *енаиат уа шафақат* т.б.

Қазіргі тілімізде жоқ бұндай тұрақты сөздердің қолдануының өзіндік себептері болған сияқты: 1) түркілік баламаның болмағандығынан; 2) түркілік балама бола тұрса да өзінің сөзін нақтылау үшін; 3) тіл шеберлігін көрсету үшін қолданылған.

Араб және парсы сөздерін жеке және көмекші етістіктермен ғана қолданып қоймай, тұрақты, бейнелі сөз тіркестерін беруде де пайдаланған. Бұл жерде автор шығарманың тілін әсерлі, мазмұнды етуді мақсат етсе керек.

Қорыға айтқанда, «Шежіре» жазылған кезеңде бұл сөздер жергілікті халық тілінде, әсіресе жазба әдебиетте кең қолданылған болуы керек. Кейінгі тілімізде көп қолданылмағандықтан, мағынасы түсініксіз сөздерге айналған.

2.2 Араб сөздерінің тақырыптық топтары

«Шежіредегі» кірме сөздерді тақырыптық топтарға жіктегенде, *араб тіліне қатысты тақырыптық топтар* және *парсы тіліне қатысты тақырыптық топтар* деп бөлуді жөн көрдік, себебі, «Шежіреде» екі тілдің элементтері әртүрлі салаларға қатысты жұмсалған.

1. Әлеуметтік-қоғамдық, саяси атаулар: *ахдпейман* (келісім), *хәкімнеиан* (әкім билейтін өлке), *сиасат* (саясат), *султанат*, *мәслихат*, *хабар*, *арыз*, *қызмет*, *мәселе*, *насихат*, т.б.

- *Сұлтан ахдпеймандын хуихал балұб көңіліде мақрар қылдыкім* (52, 3). *Илбарыс келген қақда үч хәкімнеиан уәлайаты қалыб ерді* (110,28). *Сұлтан Мұхамеднің үстіке атпаныб анка йағы болсұн деб мабале қылыб ерді* (56, 5).

Барлық ортаазиялық түркі ескерткіштеріне ортақ «Шежіре» тілінде қолданылған әлеуметтік-қоғамдық, саяси атауларға қатысты араб және парсы сөздері көбінесе

іс қағаздарына байланысты болып келеді: *хат, мабале* (мәмле-келісім), *арызнаме* (арыз хат), *ахднаме* (келісім хат), *хисаб* (есеп) т.б.

2. Атақ-дәрежеге байланысты атаулар: *сұлтан, әмір, хәкім, уәзір, сейд, мәлік, шейх, уәлі әлғанад* т.б.

- *Алтүн ханға уәзірінің сөзі мақұл болұб Шынғыз ханға елчі ийберді* (53,11). *Үкідай хан нәсілдин Ғали сұлтан теген Шағатай әуледіға ғалыб болды* (84,16).

3. Діни ұғымдарға байланысты атаулар: *аллах, азан, дұға, шариғат, кафір, құтба, мұсылман, месжед, айд, уағыз, масахақ*, т.б.

- *Әлхамдулла біз мұсылман болдық* (35). *Йасауымның арқасы алты уа йеті арық болды ұрұш тараз болғанда алты айда алла алла деб икүрдүн йау қачды* (56,12).

4. Соғыс қимылдарына байланысты атаулар: *ғалыб келу* (жеңіп келу), *ғам қылу* (қыру), *хераб қылу* (талқандау), *мәсһәр қылу* (жаулау), *фарағат сұрау* (бейбітшілік сұрау), *әсір қылу* (тұтқындау), *мухарабе қылу* (талқандау), *хежуб* (шабуыл жасау) т.б.

- *Екі мың кіші қалаға йүгірді кіріб алдылар қатал ғам қылдылар* (4,67). *Бірнече күндін соңләшкәр йұртыны хераб қылды* (106). *Шыңғыз хан үзүл болұб фарағат отұрұб ерділер* (55).

Жаугершілікке қатысты соғыс қимылдарын көрсететін түріктің *йасау йасау, күрен салу, ор қазу, қалаға беркіну, қылыштан өткізу, чабу, қалына түсу* (ұсталу), *бойын имеу* т.б. тіркестері жоғарыдағы келтірген араб және парсы сөздерімен синонимдік қатар түзейді. Негізінен, шығармада түркі көмекші етістіктерімен келетін араб сөздерінің қолдану жиілігі жоғары. Тіптен қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін араб сөздері өз алдына семантикалық ерекшеліктеріне қарай топтастырылып, синонимдік қатар түзгені байқалады.

Осы аталған соғыс қимылдарына қатысты кейбір араб сөздерінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы байқалады: *фарағат – жайбарақат, майұб-майып, хераб-қирап* т.б.

2.3 Парсы сөздерінің тақырыптық топтары

1. Тұрмыстық зат атаулары: *тәбәр* (балта), *зәрбафт* (зерлі мата), *сарұнай* (киім), *хоссе* (зат), *хус* (ыдыс), *кефін* (кебін), *пұст* (шалпан) т.б.

- *Ат сауытты сарұнайлы киіні алыб чыға билмес ат батыб бара тұрғанда шол киінінің сөзі йадымға келе қалды* (162,1). *Қазынасына бұйырдыкім қумаши келтүргіл барыб мың сандұқ зарбавт келтірді* (24).

Тұрмыстық атаулардың басым көпшілігі парсы тіліне қатысты. Олар киім-кешекке, асыл бұйымдарға, күнделікті құрал-сайман атаулары, ыдыс-аяққа, тамақ атауларына қатысты ішгей тақырыптық топтарға бөлінеді. Бұдан Әбілғазының өзі әңгіме етіп отырған «Шежіреде» бірыңғай тарихи фактілерді тізе бермей, түркі елінің тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен хабардар етуді ойлағанын көреміз.

2. Сауда-саттыққа байланысты атаулар: *керуен, базар, базарған, сауда, саудагер, баға, пұл, арзан, хұл* (күн), *шираф* (ақша), *харыж* (қарыз), т.б.

- *Бинаһаит арзанлық болды бір пұлға бір нан болды тейділер* (127,163). *Бухара алыб барған бірнече өзбекдін Маңғытқа саудаға барұрмын деб бу ишлердін гафыл көб келіб ерді* (147,23-24).

3. Кәсіби сөздер: *ұстадлар уа нақышлар* (колөнершілер), *дадбан*

(прокурор), *дафтардар* (хатшы), *дихсан*, *нависанде* (жазушы), *базарган* (базаршы), *саудагер*, *чапан*, *пехлеван*, *табиб* (дәрігер), *ах е тие* (көлөнершілер), *чубдар* (табыншы), *ракиб* (салт атты кісі), *бәдечілер* (сикыршылар) т.б.

- *Өз халқымызда неч биүүр киши йоқ биз мұны көрге алыб баргандын не файда тағы төрт нависандени олтурдым. Хытайдын келтирген ұстадларларыны уа нақыйшларыны алдыга келтириб йахшы үйлер уа күшкілер бана қылдылар* (79,6-8).

4. Туыстыққа байланысты атаулар: *аба аждад* (ата-баба), *фәрзәнд* (перзент), *кәдхуда* (үйлену), *даджие* (күн), *бәрадарзад* (немере ағасы), *нәбире* (немере) т.б.

- *Шыңғыз ханның аба уа аждадларыны уа әуледлеріні кім нәр уәлайатларда падишаһлақ қылыб турурлар* (2, 6-7). *Алтайдын та Аму суының кенеригаче Алғұга берді Алғұ Шағатай ханның нәбиресі түрүр* (83, 25).

Туыстық атаулардың басым көпшілігі түркі сөздеріне қатысты. Бұл шығарманың мазмұнына сай келеді, өйткені «Шежіреде» белгілі бір әулеттің бір-біріне қарым-қатынасы сөз болатыны мәлім. Ал парсы тіліне қатысты бүтінгі тілімізге сіңісіп кеткен *зағифа* (зайып), *нәбире* (немере), *фәрзәнд* (перзент) сөздерінен басқа қазіргі тілімізде қолданылмайтын иран сөздері кездеседі. Мәселен, *кәдхуда* (үйлену), *додок* (күн) т.б. атаулар.

5. Атақ-дәрежеге байланысты атаулар: *падишаһ*, *сардар*, *фарман* (қолбасшы), *мырза*, т.б.

- *Йолда Қара Хытайның әксәр халқы Буәбәкі сардарға кошұлұб Ханбалыққа матуже болдылар* (53,12). *Қашқар, Йоркенд, Ұйғырстан мемлекетіне хан нәсілдин неч падишаһ йа фарман йоқ ерді* (42,9).

6. Діни терминдер: *құдай*, *ауфариде*, *пайғамбар*, *ораза*, *намаз*, *фәрз*, *намаз*, *намазшам*, *намазғаһ*, *пайғамбар*, *бейиш*, *пері* т.б.

- *Кім пайғамбар төңірінің елчиси түрүр* (74,27). *Андын соң нәр күнде беш уақыт намаз оқуб төңіріке бенделі қалұб бешештке алыб барды* (7).

Парсы діни сөздері араб тіліне қарағанда аз мөлшерде жұмсалған. «Шежіреде» *пайғамбар*, *намаз*, *фәрз* (парыз), *бейиш*, *пері* парсы діни сөздері араб сөздері сияқты күрделі бірлік құрайды. Мысалы: *намазшам*, *намазғаһ*, *дарке жаһаннам* (тозақ түбі), т.б.

7. Соғыс қимылдарына байланысты атаулар: *бәнде қылу* (тұтқынға алу), *фарман болу* (басшы болу), *руи қардан болу* (жауласу), *ағаз қылу* (бастау), т.б.

- *Алқисса хан Балхының хылық бірлән қатығ ұрұштылар тағы қытығ гам қылыб Балхының қаласын йер иерло иексен қылды неч кісіні қоймады шаһид қылдылар* (60,24). *Шейх Хасан Бузруг әмір шейх Хасан Кучекдин руи қардан болұб Бағдад барды* (94,25).

Соғыс қимылдарына қатысты парсы сөздері аз мөлшерде жұмсалған. Оның орнына қару-жараққа қатысты *зеңбірек*, *туғанг*, *найза*, *чарайна*, әскер мағынасында *ләшикер*, *сыпан*, *черік* сөздері жарыса қолданылады.

«Шежіредегі» араб және парсы сөздерін тақырыптық топтарға жіктеп қарастырғанымызда, өмірдің барлық салаларын қамтитынын көреміз. Араб сөздері негізінен қоғамдық-саяси өмір саласына және діни ұғымдарға байланысты көбірек қолданылған. Ал парсы сөздерінің араб сөздеріне қарағанда тақырыптық топтары көбірек. Бірақ та әр салаға жататын сөздер

саны аз болып келеді. Соңдай-ақ, өсімдік атаулары, жер-су атаулары, астрономиялық атаулармен қатар адамның психологиялық көңіл күйіне байланысты сөздердің мөлшері аз болғандықтан, жеке-жеке топтарға бөліп қарастырмалдық.

2.4 Араб және парсы сөздерімен жасалған фразеологиялық тіркестер

Әбілғазы да өз шығармасында көнетүркілік тұрақты, бейнелі сөз тіркестерін қолданумен қатар өзінің шеберлігін таныту мақсатында араб және парсы оралымдарымен келетін тұрақты тіркестерді қолданудан да бас тартпаған. «Жамиғат тауарихтағы» есім мен етістікті тұрақты тіркестер Әбілғазы шығармасында да орын алған. Бұндай араб және парсы сөздерінің түркі көмекші етістіктерімен бірігіп қолданылуы – орта ғасыр жазба ескерткіштеріне тән құбылыс. Әсіресе шығармада соғыс қимылдарына, атак-дәрежеге, діни ұғымдарға және адамның психологиялық көңіл-күйіне байланысты тұрақты тіркестер молынан қолданылған.

Араб тіліне қатысты фразеологизмдер: шұхрат табу (белгілі болу), *ғазал қылу* (өлтіру), *һессе* (кек қайтару), *азар беру* (қорлық көрсету), *аман беру* (ел болу, аузы бір болу) т.б.

- *Нөкерлерінің алжасын алыб көб азар беріб қайта берділер* (120, 2-3). *Әуезісі мәуіл ішінде шұхрат табы* (44,6).

Парсы тіліне қатысты фразеологизмдер: патша көтеру (патша сайлау), *саф тарту* (шеп тарту), *шырын забон* (жақсы сөздер), *сөзі дераз болу* (мылжын болу), *дастдераз қылу* (ұрлық жасау), *даруазасы төрт жаққа түсу* (тас-талқан болу, тоз-тоз болу), *дүшпандықтың оты жану* (араз болу, жауласу) т.б.

- *Бірекі иыл анда отұрғандын соң аның даруазасы төрт йаққа түшді* (30, 9-10). *Сүйініч ханның заманында мұғұл бірлән татар елінің арасында дүшманлығ оты андаз көб йанды* (7, 26-27).

Енді осы кірме сөздермен жасалған фразеологизмдердің қазіргі қазақ тілінде кездесетіні – *халалы қуло* тіркесі *амалы таусылу* (бту) тіркесіне, *ғұмыр табу* – өмір сүруге балама бола алады. Уақытты көрсететін *әші пісім* тіркесі қазақ тіліндегі *ет пісірімге*, *фал бақу* тіркесі *бал ашу*, *һессесін өлтіру* тіркесі *есесін алу*, *кегін алу* тіркестеріне жақын.

Үміт ұзу тіркесінің «Шежіредегі» және қазіргі тіліміздегі мағынасының арасында аса бір алшақтық байқалмайды. Екеуінде де *үміт* ұзу тіркесінің беретін мағынасы түңілу, ойлағаны орындалмайтынына көзі жету. Сол сияқты *шамға ую*, *теһарат сындыру* (дәрет сындыру), *жар қылу* (жариялау), *есір болу* (есіріп кету, мастану), *азар беру* (азаттандыру), *қызмет қылу* (қызмет ету), *ажалы келу*, әсіресе адамның көңіл күйіне байланысты *араз болу* (ренжу), *хайран қалу* (қайран қалу – таңғалу), *нұшайман болу* (өкіну), *зүссө болу* (құса болу) сияқты тұрақты сөз тіркестерінің беретін мағыналары қазіргі тіліміздегімен бірдей.

Кейбір тіркестердің қазіргі қазақ тілінде дамыған, күрделенген түрлері кездеседі. Мәселен, *қамын жесу* (қамқорлық жасау), *дем ұрмады* (дем бермеді- үндемеді), т.б.

Араб тілінде *бәрқ* сөзі «жарқырау, жарқылдау» деген мағыналардағы *найзағай* ұғымын береді. Автор *бәрқ* (назағай) және *бод* (жел) парсы сөзін біріктіріп «*дауылдай жайлат*» деген ауыспалы мағынада қолданған.

- *Сұлтан Мұхаммед ештідікім отыз мың кіші судын өтіб барқа уа бод келе тұрұр деб сұлтандын...* (68, 17).

Сонымен еңбекте сол заманның тұрмыс-тіршілігіне лайық әртүрлі ұғымдарды білдіретін тұрақты тіркестер қамтылған. Қазіргі тілмен мағына сабақтастығын

танытатын араб және парсы сөздерінен жасалған тұрақты сөз тіркестері мен эпитеттер шығармада көп пайдаланылған.

3 «Түркі шежіресіндегі» араб және парсы сөздерінің фонетика-грамматикалық сипаты» деп аталатын тарауда «Шежіредегі» араб және парсы сөздерінің фонетикалық, тұлғалық сипаты және олар сөз таптары тұрғысынан қарастырылады. Яғни бұл сөздердің «Шежіре» тілінде фонетикалық, морфологиялық өзгерістерге түсуі сөз болады.

3.1 «Араб және парсы сөздерінің фонетикалық-орфографиялық сипаты».

«Шежіреде» қолданылған араб және парсы сөздері араб және парсы тіліндегі формаларын сақтап, фонетикалық тұлғасын өзгертпеген. Мұның себебі, араб тілін енгізуге тырысушылар оны қасиетті құран сөзі ретінде уағыздап, олардың шама келгенше бұзылмауына көп күш жұмсаған. «Шежіреде» араб тіліне қатысты мына сөздер өз тұлғасында таңбаланған: *мәжіліс, жамғат, мемлекет, халық, наихат* т.б. Парсы сөздері де түпнұсқа тұлғасын сақтап таңбаланған: *пұл, қағаз, құран, намаз, раушан*, т.б.

Араб графикалы ескерткіштердегі мәтінді транскрипциялаудың өзіндік қиындығы бар. Бұның себебі араб тілінде дауысты дыбыстар аз. Әсіресе қатар келген дауыссыз дыбыстардың арасында харакаттардың (қысқа дауысты дыбыстардың) белгіленбеуінен сыртқы графикалық формалары бірдей сөздерді түрліше оқып, транскрипциялауға болады. Ал біз талдап отырған баспа нұсқада таза араб әліпбиі емес, жалпытүркілік әліпбиіні қолданған.

«Шежіре» мәтінде 28 араб әрпі және 2 парсы چ (че), پ (пе) таңбасы кездеседі. Осылардың ішінде араб әліпбиіндегі 2 таңбалы ط ت немесе 3 таңбалы س ص ث , ظ ز , ض түркі сөздерін таңбалауда барлығы бірдей қолданылмаған. «Шежіреде» т таңбасын ط белгілейтін, с-ні белгілейтін س , з-ні белгілейтін ز таңбалар қолданылған, ал қалған ط ت , ص س - з таңбалары тек араб, парсы тілінен енген сөздердің құрамында ғана кездеседі. Сонда «Шежіредегі» түркі сөздерін белгілеуде қолданылған таңбалардың саны 30.

3.2 Араб және парсы сөздерінің сөз таптары тұрғысынан бөлінуі. Шығарма тіліндегі араб, парсы кірме элементтерін грамматикалық тұрғыдан зат есімдер, сын есімдер, сан есімдер, етістіктер, үстеулер және шылаулар деп топтастыруға болады.

«Шежіре» тіліндегі араб және парсы сөздерінен болған зат есімдер нақтылы және абстракт мағыналы сөздер қатарын қамтиды.

1. Нақтылы мағынаны білдіретін сөздер қатарына: *гохворе* (бесік), *чорайна, дарбаза, зындан* т.б.

2. Абстракт мағынаны білдіретін сөздер қатарына: *зехн* (сана), *гам* (қайғы, мұң), *мұхаббат, мехр* (мейірім), *фаһм* (түсінік) сияқты элементтерді жатқызуға болады.

Арабизм болып келген сын есімдер ескерткіш тілінде аз емес. Әбілғазы «Шежіренің» кей тұстарында, әсіресе белгілі бір халықтардың өмір тіршілігі мен тарихи тұлғалардың мінез-құлқын араб және парсыдан алған сын есімдермен сипаттап беріп отырады. Мысалы,

- *Ол шаһар газжайыб уа мәсбуат шаһар ерді* (83, 27). *Алаңқу тұз салмақы*

әуел чыгарда бу *намгин* рәсім андын қалды (10). *Бір торғай йерге түшді аны алыб пейда йерсе хушмазе келді* (10). Аның нешонасы ол болур кім нөкерке *мехребан болур* (12, 11).

Араб тіліндегі *азим* (үлкен, биік), парсы тіліндегі *бузруг* (үлкен), *куче* (кіші) сияқты сын есімдер шығармада кісі аттарына титул ретінде жұмсалған тұстары бар. Мәселен, *Шейх Хасан Кучек*, *Шейх Хасан Бузруг*.

- *Шейх Хасан Бузруг әмір Шейх Хасан Кучекдін руи қардан болұб Багдад барды* (94,25).

Шығармада сын есімдер лексика-грамматикалық жағынан өз алдына сөз табы ретінде сараланып, анықталушы сөзбен іргелес орналасқан тұстары бар. Мәселен, *боләнд әуез* (қатты дауыс), *содек дел* (қарапайым жүрек), *кухне тарихлары* (көне тарих), т.б.

Сонымен қатар араб және парсы сын есімдері көмекші етістіктерімен тіркес құрайды. Мәселен, *абадан ерді* (гүлденген еді), *зиад болды* (көбейді), *ажез болды* (әлсіреді) т.б.

- *Аның заманында Үргеніч абадан ерді* (127,15), *Дәулеті күндін күнге зиод болды*. *Ол уақытда Хорасан гажайыб мәмүр ердікім* (70,13).

Қазіргі қазақ тіліндегі «мамыр» айының атауы осы араб тілінен енгенін аңғаруға болады. «Шежіреде» көмекші етістікпен бірігіп, «гүлдену» мәнінде жұмсалған.

«Шежіреде» араб және парсы сөздерінің үлкен тобы **күрделі етістік** ретінде қолданылады. Әсіресе, «Шежіре» тілінде араб қимыл есімдері (масдар) ішінде ең көп қолданылғаны – бірінші, екінші, үшінші, төртінші туынды үлгілер бойынша жасалған сөздер. Мысалы, *тафсил* (егжей-тегжей), *мұхарабе* (кирату, жою), *етауат* (бағыну) т.б.

- *Абдуллаһ ханның хикашаты әлемде мәшһүр ерді ол себебдін тафсил баиан қылмадық* (102,23). *Әмәр Темір бірлән әмір Хусейн келіб Илиас хожя бірлән мұқателе уа мұхарабе қылдылар* (89,27). *Қытай падишаһларыны етауат қылурлар қызмет қылурлар ерді* (43).

Есімдердің түркі тілінің *-ерді, -деді, -болды* көмекші етістіктерімен қосылып күрделі етістік жасайды. Оларды есім компонентінің түсінікті-түсініксіз болып келуіне қарай екі топқа бөлуге болады:

1. Қазіргі қазақ тілінде күні бүгінге дейін қолданылып жүрген, әбден сіңісіп, қалыптасқан араб және парсы сөздері: *мақсат ету, дүниеге келу, гашық болу, баян қылу* т.б.

2. «Шежіре» тілінде ғана кездесетін, қазіргі қазақ тілі қолданысында кездеспейтін, түсінуге қиын сөздер тобы. Бұл сөздер я Әбілғазының өзі қосқан сөздер немесе көне сөздер. Мәселен, *қысмәт қылу* (бөлу), *шайе болу* (жайылу, таралу), *мәсьәр қылу* (жаулау), *матуже болу* (жүріп кету), *масләт қылу* (жазалау), *хужум қылу* (шабуыл жасау), *муназаре болу* (созылу-уақытқа байланысты), *есхар қылу* (табу), *рауаж беру* (ауысу) т.б.

«Шежіре» тілінде араб және парсы сөздерін сөз таптарына қатысты қарастыру – қазіргі әдеби тілімізде кездесетін кейбір ерекшелеу грамматикалық формалар мен құбылыстардың түп төркінін ашып, олардың даму процесін айқындауда, сол дәуірдегі түркі жазба әдеби тіліне тән құбылыстарды ашып көрсетуге септігін тигізеді.

3.3 Араб және парсы сөздерінің грамматикалық тұлғалануы

«Шежіредегі» араб және парсы сөздерінің сөз тудыру мүмкіншілігі семантикалық жағынан меңгерілуі, негізінен, тіл жүйесіндегі сөзжасам тәсілінің шегінен шықпайды. Шығарма тіліндегі араб және парсы сөздері сөзжасам жүйесінің 1) синтетикалық (морфологиялық); 2) аналитикалық (синтаксистік) формалары арқылы жасалады.

3.2.1 «Шежіре» тіліндегі синтетикалық жолмен жасалған араб және парсы туынды сөздері

Шығарма тілінде -кер, -мәнд, -вар, -дар, -е, -ар, -ане т.б. парсы жұрнақтарымен жасалған туынды сөздер кездеседі.

1. -вар жұрнақтары зат есімге жалғанып, адамның белгілі бір қасиетке ие екендігін, бейімділігін білдіретін туынды сын есім жасайды. Мәселен, дәулет-мәнд, донеш-мәнд, умид-вар т.б.

Қазіргі қазақ тілінде осы -мәнд, -вар, -умәнд жұрнақтарынан қалыптасқан атаман, данышпан, қағарман, сөзүәр т.б. сөздер бар.

2. -ане – зат есімге жалғанып, туынды сын есім жасайды. Мәселен, мард-ане (ерлік), енанат надишах-ане (құрметтілік), див-ане (дуана, ақылынан адасқан), бағ-ане (себеп), ғайб-ане (сырттай), мархамат хуерау-ане (рақымшылық), т.б.

3. -һәм – бірлестік есімдігінің жұрнағы. Мәселен, һәм-рох (жолдас, серік, бірге).

4. -дар – белгілі бір іс-әрекет иесінің қалпын, болмысын білдіреді. Мәселен, сар-дар (басшы), чорпо-дар (малды), хабар-дар т.б.

Сөзжасамның бұл -дар жұрнағы түркі тілдерінде, сондай-ақ кәсіп мағынадағы есім туынды сөз жасайтын -шы, -шыл аффиксінің қызметінде де қолданылады. Тілімізде -дар арқылы да жасалған біраз сөздер бар. Мысалы, хабардар, құлақдар, діндар т.б.

5. -е – өте өнімді жұрнақ, зат есімдерге жалғанып, кішірейту мағыналарын білдіреді. Парсы тілінде чашим (көз), чашим-е (бұлақ).

Мысалы, *Хич неһайаты йоқ ағар сулар уа чашимелар уа ..* (32).

Бұндағы чашиме кішкентай бұлақ суы мәнінде қолданылған. Сондай-ақ, -е жұрнағы сын есім, үстеу жасауға да қатысады. Мысалы, шығармада дах-е (ондық), сад-е (жүздік), хезар-е (мыңдық) тұлғада кездесетін туынды сын есімдер бар.

6. -ар – өткен шақ етістіктің түбіріне жалғанып, етістіктерде айтылған іс-әрекет иесінің және қимыл қозғалысының атауын білдіреді. Рафтар (мінез-құлық, жүріс-тұрыс), герофтар-кіріттар (ұсталған) т.б.

Көптік мағынаны білдіретін -ган, -бан, -он, -стан жалғауларына қатысты мына сөздер қолданылады. Мәселен, базарган (базаршылар), бағбан (бағбаншылар), дарахтан (ағаштар), жаһанстан (бүкіл дүниежүзі), т.б.

- Иүзім бағы дарахтан ерді. Дайым базарганлар кумаши түн йүз оқ алыб барыб көб фаидлар көрүб ерділер (56,13).

Парсының и жұрнағы «Шежіреде» сирек те болса ұшарасып отырады, беретін мағынасы сапалық сын есім тудыратын -лы -лі жұрнағына жақын.

- Ағыш сұлтан адами фақыр дәруиш мұжық игіт еркендүр (118).
Үргенішнің талаби игітлері Хорасанга барыб... табыб келүрлер ерді (119).

-кер, -гер жұрнағы ертеректе араб және парсы кірме сөздерінің құрамында ғана қалып қоймай, тіл дамуының кейінгі дәуірінде де номинативтік, терминдік сипаттарға ие болды. Шығармада *күнәһар, қызметкер, дастқир* т.б. сөздер кездеседі.

Жалпы бұл араб және парсы өзара туынды сөздері түркі тіліне бүтіндей еніп, біртұтас лексикалық единица ретінде жұмсалады.

Сөз тудырушы негіздері араб сөздерінен:

1. Есімнен есім тудыратын жұрнақтар:

-лық -лік, -лук -лук жұрнағы көне замандардан-ақ сөзжасам аясы мейлінше өте кең актив қолданылатын жұрнақтардың бірі болғандығы белгілі. Мысалы, *мұсылманишылық, харамлық*, т.б.

Сөз тудырушы негіздері парсы сөздерінен: хастелік, руи қарданлық, саркашлық, достылық, душманлық, паришанлық, арзанлық т.б.

Дегенмен адамдардың түрлі жағымды-жағымсыз іс-әрекеті, мінез-құлқын білдіретін кірме сын есімдердің **-лы, -лі** жұрнақтары арқылы жасалған тұстары басым қолданылған. *Ғақыллы, сарынжамлы, намуслы, арлы, дәулеті, мивелі* т.б.

2. -сыз, -сіз: Бұл жұрнақ қазіргі тіліміздегідей «Шежіреде» де жалғанған сөзінде белгілі бір қасиеттің (сапаның, болмыстың) жоқ екенін көрсетеді. Бұл жағынан ол жоғарыдағы **-лы, -лі** жұрнағының беретін мағынасына қарама-қарсы. Мысалы, *хәдсіз уа неһайатсыз, айратсыз уа намусыз, үмідсіздік* т.б.

-сыз -сіз жұрнағының беретін мағынасын «Шежіреде» көп жағдайда парсы тілінен ауысқан **би, но** префикстері атқарған. Мәселен: *бируқсат, бикунаһ, биғылаж, нәмәрд, намағлұм, намағқұл, натамам, биқарор* т.б.

3. -рақ, -рек: Бұл жұрнақ «Шежіреде» қазіргі тіліміздегі сияқты өзі жалғанған сөздегі сапа мағынасының көптігін білдірген және жиі қолданылған.

- *Адамның бейішке барып қайтара келгені айдын раушанырақ уа афтабдын мәшһүррек тұрур* (5).

2. Сөз түрлендіру жүйесі

Сөз түрлендіруші немесе сөз байланыстырушы қосымшаларға, әдетте, септік, көптік, тәуелдік және жіктік жалғаулары жатқызылады.

Көптік жалғау. «Шежіредегі» көптік жалғауының көрсеткіші—*лар-лер*. «Шежіреде» көптік жалғауы бір-ақ вариантта, яғни *лар-лер* тұлғасында келеді. Бұл жалғаулар «Шежіредегі» қазір қолданылмайтын араб және парсы сөздеріне де жалғанған.

- *Хаммасы қылған етфақларыны* (іс-әрекеттерін) *айта башладылар* (82, 26). *Тағларының қашында уа жәнғларда* (ормандарда) *отұрұрлар* (7). *Жошы хан йахшы шырын забонықлар* (сөздер) *қылды* (75, 18).

Араб тіліндегі көптік жалғау түбірдің іштей өзгеріске гүсуі (ішкі флексия) жасалатын «бұрыс» көптік формалары арқылы жасалады. Шығармада мұндай формалардың мағыналық жағы ескерілмей, жеке мағынадағы сөз ретінде қабылданып, олар қазақ тілінің көптік жалғауын қабылдайды. Шығармада *амра* – *әмір* сөзінің көпше түрі болса да, *аждад* араб тілінде *ждад* (ата) сөзінің көпше түрі. Бұл сөздер жекеше тұлғадағы зат есім ретінде ұғынылып, қазақ тілінің көптік жалғауын қабылдайды.

- *Тамам шаһзадалар уа ноианлар уа амраларка еноамат ғайыр мақрар беріп һәр қайсысыны бір біріңіске барың деб рұқсат берді хейбатлық уа саясатлық падишаһ ерді* (82,28-83,1). *Шыңғыз ханның аба уа аждадларыны уа әуледлеріні кім һәр уәлайатларда падишаһлық қылыб турурлар* (2, 6-7).

Бұл заңдылық парсы тіліне де қатысты жұмсалған. *Базарғанлар* – қазіргі біздің тілімізде *базаршылар*. Осындағы *-ған* парсы тілінде көптік ұғымды білдіретін көптік жалғау. Олай болатын болса, автордың бұл сөзді тұтастай бір единица ретінде жекеше мағынада қабылдап, түркі тілдерінің ортақ көптік жалғауын талғаусыз қолданып тұрғаны байқалады.

- *Дайым базарғанлар кумаи уа түн уа йүз оқ алыб қайтдылар* (56).

Көмектес септік жалғауы *бірлән* арқылы беріліп отырған.

- *Фатих уа нүсрет бірлән өз йүртыға келді* (34). *Боләнд әуез бірлән азан айтты* (28).

Қалған септік жалғауларының барлығы да араб және парсы сөздеріне тікелей жалғана береді. Мысалы,

- *Диуарының сайасына зилуче салдырлар. Енаиат падишахане уа мархамат хусрауанесіға махсұс болды* (53,5-6). *Төрт нависандені олтурдұм күхне тарихларыны айттым. Ұлұз шаһарларда йарым кече болғанда нақараға ағач қойдылар* (42, 10). *Жамұқаның сөзіндін уа Сәнкүдін хаиласындың зағфы болды* (42,17).

Тәуелдік жалғау. Тәуелдік категорияның көріну жолдары мен беретін мағынасы «Шежіреде» де шағатай тіліндегідей немесе қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіне тән.

- *Бізнің Шәріф Мұхаммед атланғандын һеч хабарымыз йоқ* (308).

Тәуелдік жалғаудың 1-ші жағы парсы және түркі тіліне ортақ болса керек. Мәселен, «Шежіреде» мына бір сөздерде айрықша көрінеді.

- *Бір мүфләс кіші ханға менің бір арз қылды дастмаиам йоқ деп...* (80, 20). *Сауытның ййргерінің қашыға салыб сарнұиам бірлән суга түшдүм* (161,17). *Ат сауытлы сарнұиамды кішіні алыбчыға білмеді* (161,28). *Хастеиам ұзаққа тартты* (43,10).

Бұндағы *хасте* (ауру) сөзін тәуелдегенде 1-жақта парсыша *хастеиам*, түркі тілінде *хастеим*. Сол сияқты *сарнұиам* (шапаным), *дастмаиам* (мұқтаждық) түркі тілінде де осылайша тәуелденеді.

Жіктік жалғау.

- *Біз мусафармыз падишахлық барлық қылғаныны білгеніміз йоқ* (77,4). *Бізнің енаиат уа шафақатмызны көрүб бардылар* (56,298).

Сонымен, «Шежіредегі» араб және парсы сөздерін сөзжасамның синтетикалық тәсілі бойынша саралап қарастырғанымызда, түркі тілінің жұрнақ-жалғаулары араб және парсының түсінікті және түсініксіз сөздеріне талғаусыз қосылып, дыбыстар үндестігіне бағынып та, бағынбай да жалғана берген. Олар түркі тілінің көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын қабылдайды. Сонымен бірге түркі жұрнақтарын қабылдап, сөз тудыруға негіз бола алады.

3.4 Араб және парсы күрделі сөздері

Біз қарастырып отырған қолжазбада түркі және кірме сөздердің бірігуі арқылы жасалған параллель түркі-араб, араб-парсы, парсы-араб немесе араб-

араб сөздерінен жасалған күрделі сөздер жиірек ұшырайды. Әсіресе «Шежіреде» араб және парсының дара түбірлерінің бірігуінен жасалған синонимдес қос сөздер баршылық. Бұндай сөздерді автор өзінің сөз байлығын білдіру үшін, я шығарманың тілін әсерлі жеткізу үшін қолданған.

Р.Сыздықова: «Мағыналас сөздердің қатар /қосарлана/ қолданылуы ол сөздер беретін ұғымды күшейтіп, оның әбден, тіпті, мықты екенін білдіретін ренк үстейді» [14,166-б.], – дейді. Ал А.Н.Кононов: «Екі сөзді қосарлау негізінде пайда болған лексикалық комплекс жинақтау, жалпылама, қайталау экспрессивтік мағына береді» [15,104-б.], – дегенді айтады.

«Шежіредегі» араб және парсы күрделі сөздерін бес топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік.

1) «Шежіредегі» араб және парсы қос сөздері былайша сараланады:

а) Бір сынары түркі, бір сынары араб түбірлерінен құралған сөздер: *күш уа қуат, әсір уа олжа, жасауң уа хатұн, фәрзәнд уа қарындаш, оқ уа туфәнг* т.б.

- *Бір кіш бар ерді аның неч фәрзәнд уа қарындашы йоқ ерді* (80,13).

ә) Бір сынары түркі және парсы сөзі: *оқ уа туфәнг* (мылтық).

- *Ол кемелерке бір амал қылыб ердім оқ уа туфәнг анка кор қылмас ерді* (62,3).

б) Екі сынары араб түбірлерінен құралған сөздер: *асар уа алғамат* (із және белгі), *ілтифат уа енаиатлар* (ілтипат және қайырымдылық), *мұқател уа мухаробе* (өлім және соғыс), *хазына уа дафине* (қазына және жерге көмілген қазына, байлық), *фатх уа нүсрет* (жеңіс), *жас уа фазе* (қайғылану), *мәрс уа мәзмәне* (ауру), *ізет уа хұрмет, мұқателе уа мажаделе* (ұрыс-керіс), *хабар уа әсәр* (хабар-ошар), *мұрат уа мақсат* т.б.

- *Сұлтан Мұхаммед анга көб енаиатлар уа ілтипатлар* қылды (64,24).

Осы келтірілген қос сөздердің басым көпшілігі қазіргі оқушыға түсініксіз сөздер болып келеді. Бір сынары қазіргі тілімізде қолданылса, бір сынары түсініксіздеу. Мысалы, *енаиат уа шафақат, енаиат уа ілтипат* тіркесіндегі *енаиат* (қайырымдылық), *ілтипат, шапақат*. қазіргі тілімізде кең қолданылады. Дегенмен, кейбір сынарларының фонетикалық өзгерістерге түскенін байқауға болады. Мысалы, *хабар уа әсәр* қос сөз тіркесінің екінші *әсәр* компонентінің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар: 1) із, белгі; 2) аңыз, көне заманның ескерткіші; 3) ықпал; 4) әсер, эффект; 5) шығарма, еңбек (әдеби, ғылыми).

Шығармада бұл сөз «із, белгі» алғашқы мағынада қолданылған. Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын *хабар-ошар* қос сөз тіркесі осы *хабар уа әсәр* тіркесінен туындаған болса керек.

в) Екі сынары парсы түбірлерінен құралған сөздер: *бәрж уа бод* (найзағайдай жаркылдап), *бигоне фақар уа маскин* (кедей), *чуст уа челок* (жылдам), *кәм уа зиод* (аз және көп) т.б.

- *Мағұлстанда өлген падишахларының аталары мен әмірлері уа сұлтанатларының кәм уа зиодын білмеклік. . .* (3,4).

г) Бір сынары парсы, бір сынары араб сөздері: *дад уа әділ* (әділдік), *пәнд уа насихат, мехр уа мухаббат, ұстад уа нақыш* т.б.

- *Хан ата тахтында ол тұрұб нече йылар дад уа әділ қылыб* (10).

ғ) «Шежіреде» қайталама қос сөздер де баршылық. Мәселен, *таза таза, қрул қрул* (топ-тобымен), *ру бе ру* (қарама-қарсы), *аһасте аһасте* (жай-жай), *пара пара, мехле мехле* (жер-жер) т.б.

- *Үкідай хан Толы хынны мың кіші бірлән ілгері йіберді тағы аның артындын ағасте ағасте иүрді* (78,16).

2) **Біріккен туынды сөздер.** «Шежіреде» араб және парсы сөздерінің бірігуі арқылы жасалған адам аттары мыналар: *Хұдайдад* (*Құдайберген*), *Шахбақыт*, *Мубарзеаладдин* т.б.

- *Ұлығының аты Шахбақыт өзі шоер ерді* (102,14).

б) **Екі парсы түбірлерінен біріккен сөздер:** *ахднаме* (келісім хат), *чорподар* (малды), *хусрауане падишахане* (рақымшылық, құрметтілік), *жауанмәрд* (жомарт), *мардоне* (ерлік), *шарабхур* (шарабхор), *намазшам*, *намазқаһ* (намаз оқитын сарай), *шахзада*, *ханзада*, *пәнжшанбе*, *дастдөраз* (ұрлық), *сахраитияз* (жаужұмыр), т.б

Мәселен, *шарабхор* сөзіндегі *хор* парсы тіліндегі *хурдан* – жеу, ішу етістігінен жасалған. *Чорподор чор* (төрт), *по* (аяк), *дор* (не болу) бұдан шығатыны – «мал-жайы бар адамды» айтады.

- *Йауға баһадүр жауанмәрд неч мал сақламас ерді* (133,5).

Шахзада, *ханзада* бұл сөздердегі *зоде* тұлғасы парсы тіліндегі *зодән* (туулу) етістігінен жасалған, яғни *шаһ*, *хан* балалары деген ұғымды білдіреді.

- *Шыңғыз ханның айтуб ахднаме чықаруб ханның өсиетлеріні ханлық сенке тұрур* (77). *Мен сізге барармын бек мардане болсұнлар керейт елі кендлері көб уа нәм чорподар ерді* (160). *Екі қарындаш бір йерге йаман қылыб хушамәд айтыб азарде қылдылар* (53). *Анда отұрған еллер мүсәфәр біліб малларына дастдөразлық қыла башладылар*.

в) **Араб және парсы түбірлерінен біріккен сөздер.**

Мәселен, *хабардар*, *хакемнешин*, *заһернешин*, *арызнаме*, *өсиетамиз*, *ахдөйман* т.б. *Өсиетамиз* сөзі *өсиет* және *амиз* – парсы тіліндегі *омухтән* (үйрену) етістігінің осы шақ түбірінен жасалса, *хәкімнешин* сөзі *хәкім* және *нешестан* (отыру) етістігінің осы шақ түбірі *нешин* сөздерінің бірігуінен жасалған лексикалық біртұтас единица. «Шежіреде» *хәкімнешин* «әкім билейтін өлке» мағынасында қолданылған.

ғ) **Түркі және парсы түбірлерінен біріккен сөздер:** *көрүнүихане*, *пәтхана* (орыс мешіті), *ахтхане* (атқора) т.б.

- *Алқисса бір күн хан көрүнүиханада олтұруб ерді* (90,1). *Кәфір пенхан болды уа пәтханаларыны отқа йақды* (93,17). *Бір ұлұз елік ұчрады бүкірпін кірді ахтеханада неч кіші йоқ* (121,28).

3) **Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған күрделі сын есімдер:** *әділ уа сайасатлы*, *серуили уа саранжамлы* т.б.

4) **Тіркесе келетін күрделі сөздер:**

Араб және араб: *сахт саламат* (жарамды, дені сау), *езхар еташат* (өтініш және кешірім), *субх садақа куфран немат* (жақсылықты білмеушілік) т.б.

- *Оларның барчасы сахт саламат ермес әкәр рұқсат берсенгіз барчасын сіздің қызметіңізқа алыб келтүр ердім* (91,13).

Парсы және парсы: *ширин забон* (жақсы сөздер), *пенхан кіші* (жасырын кісі), *ашно дуст* (таньс дос), т.б.

- *Пенхан кіші йіберіб найманның ханлары Тианх хан уа Бұйрық хан бірлән сөзлеше тұрдылар* (44,12). *Йахшылықта мен бу халқының бірлән ашина дуст йарым ерді*.

Араб және парсы: *енаиат надишахане* (күрметтілік), *мәрз мәзмәне* (әдеттегі ауру), *аксар махла* (көп жер), *қары дұшман* (ескі дұшпан), *седқ дел* (таза жүрек), т.б.

- *Бүрке хан седқ дел бірлән мұсылман болды* (131,1).

Сөз тіркесінің келесі бір түрі араб сөздері мен түркі сөздерінің тіркесіп келуі арқылы да жасалады.

Араб және түркі: *жамиг йахшылары, мұхкем қалғалар* т.б.

Мұндай сөз тіркестерінің бірінші сыңары әдетте араб тіліндегі сын есім, есімше, есімдіктен де, ал екінші сыңары зат есімнен болады. Келтірілген мысалдардағы сөз тіркестерінің бірінші сыңары – араб сөздері де, екінші сыңарлары – түркі сөздері және олардың бәрінде «анықтауыш+анықталғыш» болып келетін синтаксистік қатынас сақталған.

Кейде автордың парсы сөздерін қатар тұрған сөз тіркестерінің арасына кірістіріп жіберген тұстары бар. Мәселен, *бір ним жан* (жарымжан).

- *Қабыл уа қамыч екі суының арасында көб өлүклар айтұр анларының арасында бір ним жан тауыб хабар сұрадылар* (57,20).

5) Изафетті тіркестер: *ләфзе араб, соде дел* (қарапайым жүрек), *фәрзәнд азиз* (күрметті перзентім), *дәрке жағаннам* (тозақ түбі), т.б.

- *Фәрзәнд азиз тамам ләшкәрің бірлән атлағыл Дештінің жануарларыны бізнің тарафамызка қойыб келтүргүл* (75,8).

Сонымен *фәтих уа нүсрет, дад уа әділ* т.б. сияқты мағыналас қосарлардың бірі екіншісінің мағынасын түсіндіру үшін ғана емес, ол ұғым атауының бояуын қоюлату үшін, ұғымды күшейту үшін де жұмсалуды мүмкін. Мұндай қатарлар синонимдер болып келеді. Сөйтіп, біз тілін талдап отырған қолжазба мәтінінде кездесетін әртектік компонентті қатар қолдануды тілдік – құрылымдық (лексикалық) бірліктер ретінде емес, көбінесе сөз мағынасын айқындау, күшейту, т.с.с стильдік мақсат көздеп жасалған бірліктер деп тануға болады. Қолжазба мәтінінде араб және парсы элементтерінен жасалған тіркестермен қоса парсы изафетімен де жасалған тіркестер кездеседі.

Шығармада кірме сөздердің басым көпшілігі зат есім болғандықтан, араб және парсы лексикалық элементтері күрделі сөздер жасауда негізгі рөл атқарады. Қорыта айтқанда, «Шежіре» тілінде өзара мәнделс қос сөздер де, күрделі сөздер де баршылық. Бұл Әбілғазы ханның шығыс тілдерін жақсы меңгергендігін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әбілғазының «араб, парсы тілінен, шағатай түркісінен бір сөз қоспадым» дегенде ол өз заманындағы түркі ақын-жазушылары шығармалары тіліндегі күрделі араб және парсы сөз тіркестіру амалдарын, синтаксистік оралымдарды, түсініксіз араб және парсы сөздерімен ауырланған тілді мензеп отыр. Міне, осы ерекшеліктерді аңғарып, барша түркі халықтарына ортақ көне түркі тілінде жазуды мақсат еткен. Сондықтан да Әбілғазы «Шежіресі» басқа түркі жазба әдеби үлгілерінің ішінде дәуірі жағынан да, тілдік ерекшеліктері жағынан да қыпшақ тілдері тобына, оның ішінде қазақ тіліне жақын келеді.

Әрбір сауатты деген қаламгердің өз заманындағы әдеби тіл нормасынан тыс кете алмайтыны сияқты «Түркі шежіресін» жазу үстінде Әбілғазы да ортаазиялық түркі әдеби тілінің дәстүрін сақтаған. Яғни өз еңбегінде автор белгілі дәрежеде араб, парсы сөздерін қолданған. Бұлар көбіне, араб тіліндегі діни немесе абстрақты ұғымды білдіретін сөздер болса, парсы сөздері күнделікті өмірге қажетті заттық атаулар болып келеді. Сонымен қатар «Шежіреде» соғыс қимылдарын суреттеуде араб және парсы сөздері түркі көмекші етістіктермен қосылып, күрделі етістік құрайды. Қимыл атауларын араб және парсы сөздерімен, күрделі етістік тұлғасында берілуі - актив амал болған сияқты. Бұл амалдың өміршеңдігін ондай күрделі етістік формасының күні бүгінге дейін жетіп отырғандығы дәлелдейді.

«Шежіреде» беретін мағынасы мен қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы өзгермейді сол күйінде сақталып қалған араб, парсы сөздері – «Шежіре» тілінің негізгі арқауы. Кейбір мағыналық өзгерістерге ұшыраған сөздер де (кенейген не тарылған) шығарма тілінен көрініс тапқан. Араб және парсы сөздерінің бұл тобы өздерінің бастапқы мағынасын мүлдем жойған я болмаса көп мағыналы сөздерге айналған немесе бертін келе жаңа мағына үстеп, өз мағынасын кенейткен. Бұл аталған араб және парсы сөздерінің тым ертеректе енгендерінің белгісі болса керек.

Еңбекте қазіргі оқушыға түсініксіз араб және парсы сөздері де баршылық. Бұл сөздер сол замандағы жергілікті халық тілінде ұшырасатын не Әбілғазының өзі қолданған сөздері болуы мүмкін, қазіргі қолданыста кездеспейді.

Шығармада соғыс қимылдарына, атақ-дәрежеге, діни ұғымдарға және адамның психологиялық көңіл күйіне байланысты тұрақты тіркестер бірсыпыра. Сондай-ақ біздің тілімізге жақын келетін *халалы кую, гұмыр табу, фал бақу, үміш ұзу* сияқты тіркестер кездеседі.

«Шежіредегі» араб және парсы сөздерін сөз таптарына орай жіктегенде, есімдерді түркі көмекші етістіктермен қосылып күрделі етістіктер құрайтын етістік сөздерін, сондай-ақ сын есім, сан есім, үстеу, шылау сөздерін көруге болады.

«Түркі шежіресіндегі» араб және парсы сөздерінің сандық пайызын есептеп, оларды өзге жазба ескерткіштермен салыстыра отырып, Әбілғазы қолданысындағы мөлшерін анықтауға тырыстық.

Шығарма тіліндегі жалпы сөз саны шамамен – 5029 құрайды. Оның ішінде түркі сөздері – 79,3 пайыз, ономастикалық атаулар – 5,5 пайыз, араб сөздері – 7,9 пайыз, парсы сөздері – 7,3 пайыз шамасында. Бұл көрсеткіштен «Шежіре» авторының ортаазиялық шығыс элементтерін барынша түркі сөздерімен алмастырып қолданғанын байқауға болады.

«Шежіреде» автор араб және парсы тілдерінен тек жекелеген лексемалық бірліктерді ғана қолданған, өзге орта ғасыр ескерткіштеріндегідей араб және парсы тілдерінен бүтіндей сөйлемдер мен фразалық тіркестерді, сөз орамдарын қолданбаған. Яғни Әбілғазы шежіресінің ерекшелігі оның стильдік жатықтығы мен синтаксистік құрылысының түркі тілдерінің заңдылығын сақтауында деуге болады.

Бір сөзбен айтқанда, Әбілғазы халық арасында жазылып жүрген шежіре іспеттес шығармалардың басқа бір вариантын жасаған. Жас шағынан араб және парсы, көне шағатай тіліндегі әдеби шығармаларды көп оқыса да, өз туындыларында ол ізбен кете бермей, кірме сөздерді мейлінше саралап, аса қажет болған жағдайда ғана пайдаланған деп тұжырымдаймыз.

СІЛТЕМЕ ЖАСАЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Березин И.Н. Библиотека восточных историков. Казань, 1854, т. III. Ч. I (Предисловие переводчика). С. 128.
2. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. - 246 б.
3. Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России. – М. – Л., 1972. С. 272
4. Иванов С.Н. Родословное древо тюрков Абул-гази-хана. – Ташкент, 1969. - 203 б.
5. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алма-Ата: Ғылым, 1983. - 202.
6. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1965. - 213 б.
7. Әбілқасымов Б. Түркі шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 208 б.
8. Журнал «Московский телеграф», 1826.
9. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб және парсы сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. - 160 б.
10. Щербак А.М. Грамматика староузбекского языка. – М. – Л., Изд-во АН СССР, 1962. С. 274.
11. Сыздыкова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. - 269 б.
12. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. (на материале «Хусрау и Ширин» Қутба). Книга I. М., 1979. С. 479.
13. Сағындықов Б. XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштегі араб, парсы элементтерінің лексикалогиялық ерекшеліктері туралы // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. 1976, I (9).

14. Сыздыкова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. -190 б.
15. Кононов А.Н. Грамматика узбекского языка. – Ташкент, 1948. С. 284.

Шартты түрде қысқартылып алынған әдебиеттер тізімі

1. К: «Шажара и түрк» Қазан нұсқасы. -183 б.
2. П: «Шажара и түрк» Демезон нұсқасы. -183 б.
3. ПРС – Миллер Б.В. Персидско-русский словарь. – Москва: гос изд иностр и нац слов. 1989. С. 668.

ДИССЕРТАЦИЯ ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР ТІЗІМІ.

1. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасындағы араб және парсы сөздері // Тілтаным. 1, 2003. -104-107-б.
2. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасындағы араб және парсы сөздерінің тақырыптық топтары // Тілтаным 1, 2005. 146-154-б.
3. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасындағы араб және парсы сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық кітапханасында «Қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері» атты ғылыми-практикалық конференция. – Алматы, 2005. -147-150-б.
4. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасында кездесетін араб және парсы күрделі сөздері // «Академик Ш.Ш.Сарыбаев және қазақ тіл білімі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы, 2005. -307-312-б.
5. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасындағы араб және парсы сөздерінің сөз таптарынан алатын орны // ҚР ҰҒА хабаршысы. Филология сериясы. 2006. 4. -60-64-б.
6. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасындағы араб және парсы сөздерінің фонетика-семантикалық ерекшеліктері // Тілтаным. 2006. 4. -146-150-б.
7. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасындағы араб және парсы сөздерінің кейбір грамматикалық ерекшелігі // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2007. 3.- 71-76-б.
8. Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре и түркі» шығармасындағы араб және парсы тұрақты тіркестері // Академик Ө.Айтбаевтың 70 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы, 2007. -170-173-б.
9. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» бойынша кейбір текстологиялық байқаулар // М.Томановтың туғанына 75 жыл толуына арналатын «Тіл тарихы» кемелдену және кешенділік» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы, 2007. -135-138-б.

РЕЗЮМЕ

Сейтбекова Айнур Аташбековна

Особенности использования арабских и персидских слов в произведении «Родословное древо тюрок» Абулгази баһадур хана.

специальность: 10.02.02. – казахский язык.

Актуальность исследования. Диссертация посвящена исследованию особенностей использования арабских и персидских слов в произведении XVII века «Родословное древо тюрок» Абулгази баһадур хана.

В определении языка конкретного письменного памятника обычно сравниваются огузские, кипчакские, карлукские элементы в языке конкретного письменного памятника тюрского происхождения. В процессе научного исследования возникла необходимость выявления арабских и персидских слов т.к. эти заимствованные слова составляют значительный процент в среднековых произведениях XIV-XVII века. Этим обусловлена актуальность обращения к творчеству автора данного произведения для выяснения цели в использовании им арабизмов и фарсизмов.

Эффект и актуальность данного исследования выражается в статистическом анализе, определении особенностей морфологических структур, лексика-семантических групп арабских и персидских слов, непонятных с позиции современного восприятия языка «Родословного». В результате сравнения тюркской письменности с современным казахским языком выявлены особенности использования арабских и персидских слов Абулгази.

Цель и задачи исследования. На основе лингвистического анализа определены особенности использования слов арабского и персидского происхождения в произведении «Родословное древо тюрок».

Достижение этой цели требует решения следующих задач:

- установить различие между «Родословное древо тюрок» и другими письменными памятниками средневековья (XIV-XVII);
- выявить лексемы арабского и персидского происхождения, произвести классификацию по тематическим группам;
- описать лексику-семантические, морфологические особенности арабских и персидских слов, редко употребляемых в современной языковой практике;
- исследовать сочетания сложных слов арабского и персидского происхождения;
- предоставить статистическую характеристику арабских и персидских слов в произведении.

Объект исследования. «Родословное древо тюрок» исследуется по критической рукописи, изданной в 1871 году П.И Демезоном и Казанской рукописи 1825 года.

Научная новизна исследования. В процессе исследования выявилось влияние арабских и персидских слов на развитие словарного фонда письменного литературного языка того времени:

- произведена классификация арабских и персидских слов на тематические группы;

- дана интерпретация использования, непонятных современному носителю языка арабских и персидских слов и раскрытие их семантической структуры;

- произведен статистический анализ арабских и персидских слов и определена степень преемственности между языком рукописи «Родословное древо тюрок» и современного казахского литературного языка;

- проведена текстологическая работа на основе сравнения двух печатных вариантов и рукописи;

- автор произведения не использовал арабские и персидские структурные предложения как в других письменных памятниках средневековья (XIV-XV).

Метод исследования. Описательный и сравнительно-исторический методы, статистический анализ и методы индукции и дедукции.

В диссертационном исследовании на защиту выносятся следующие положения:

- результат исследования не опровергает тезис автора о том, что «ни одного выражения не добавляю не из чагатайского-тюрского, не из персидского, не из арабского языков»;

- использование арабских и персидских слов в данном произведении отличаются от подобных памятников XVI-XVII века, написанных на чагатайском языке, что сближает его с современным казахским языком;

- использование в военной и религиозной сферах арабских слов, в бытовой лексике персидских, указывает на большое влияние разговорного языка на письменный литературный язык;

- особо прослеживается использование арабско-персидских, арабско-арабских, персидско-персидских, тюркско-арабских, тюркско-персидских парных слов.

Теоретическая и практическая значимость работы. Выводы и результаты, полученные в ходе исследования способствуют раскрытию семантической природы арабских и персидских слов в казахском языке. Могут послужить в практике преподавания вузовских курсов по «Истории казахского литературного языка», «Исторической грамматики» и «Лексикологии казахского языка», в проведении спецкурса по «Средневековым письменным памятникам».

Summeri
of Seitbekova Ainur Atashbekovna

**The peculiar properties of the Arabic and Persian words usage in the
«Family Tree of Turks» manuscript by Abulgazy bahadur khan
Specialty:10.02.02. – the Kazakh language**

The dissertation work discusses the research of the peculiar properties of the Arabic and Persian words usage in the «Family Tree of Turks» manuscripts of the XVII c. by Abulgazy bahadur khan.

The research relevance is determination of the language in the specific written manuscript and comparison of Ogyz, Kipchak and Karlug elements of the Turks origin. It is necessary to mention that the Arabic and Persian words were determined in the process of scientific research as these loan words make up the bulk of the medieval manuscripts of the XIV-XVII c. These facts condition the relevance of researching of author's book and the Arabic and Persian words in his work.

The topical point of the dissertation is the statistical analysis, determination of morphological structures usage and lexis-semantic groups of the Arabic and Persian words which are incomprehensible from the modern perception of the books language. The comparison of Turks writing with the modern language shows the necessity of determination the speciality of the Arabic and Persian words usage in the Abulgazy's manuscript.

The goal of the dissertation work is to define the linguistic analysis of the special usage of the Arabic and Persian words origin in the «Family Tree of Turks».

The tasks of the dissertation work are to define the differences between the «Family Tree of Turks» and the other medieval written manuscripts of the XIV – XVII c., to identify the lexemes of the Arabic and Persian origin and subdivide them into topical groups, to describe lexical, semantic and morphological peculiarities of the Arabic and Persian words which are rarely used in modern language, to research combinations of complex words of the Arabic and Persian origin, to present the statistic characteristic of the Arabic and Persian words in the manuscript.

The object of research is the Demezons's manuscript which was published in 1871 and Kazan's manuscript which was published in 1825.

The value of findings is in the influence of the Arabic and Persian words on the written literature language vocabulary. This influence was identified in such processes of the research work as classification of the Arabic and Persian words by topical groups, explanation the reason of the Arabic and Persian words us-

age, static analysis of the Arabic and Persian words and identification of the connections between the «Family Tree of Turks» and the modern Kazakh literary language and etc.

During the research was found the mistakes in two printing lists on the manuscripts origin and determined that the author of the manuscript didn't use Arabic and Persian structural sentences as in the other written manuscripts of the Middle Ages.

Methods of the research are statistical, illustrative, comparatively-historical and linguistic classification.

The most significant findings are determination of the Arabic and Persian words and differences in usage of these words in the «Family Tree of Turks» and the other manuscripts, usage of the Arabic and Persian words in different spheres of life (Arabic words – military and religious topics, Persian words – common and psychology topics) and detection of the usage of Arabic, Persian and turks double words.

The theoretical and practical values of the dissertation work are that the research results show the semantical origin of the Arabic and Persian words. The research results may be used for future development of the universities courses as «The history of the literary language», «The history of Kazakh literary language» and «The history of medieval written manuscripts».

